

ғылыми-әдістемелік журнал науқно-методический журнал

# СОҚШАҚ ТРОШИНКА

№2 (103) сәуір 2023 жыл



**СПОРТТЫҚ ТУРИЗМНЕН  
АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ мен ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
жарыстарының жеңімпаздары –  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ «БАТЫС-WEST»  
ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ  
(Талдықорған қ., наурыз, 2023 ж.)**

## ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛ ОҚЫРМАНДАРЫ!

*Ел мәдениетін еңселеп, спорт саласына серпін беруде, отандық туризмді түлетіп, бізді мыңжылдық тарихпен байланыстыратын жауһар жәдігерлерімізді жаңғыртуда алдымызда тұрған міндеттер аз емес.*

*Әлбетте игі істерді қолға алып, жүзеге асырудан бөлек, оны жас ұрпақ санасына сіңіруде, жоспарлы жұмыстарды кеңінен насихаттауда газет-журналдардың маңызы айрықша.*

*Бұл ретте «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналы – оқырманы қалыптасқан, жарияланатын материалдары салмақты, мазмұнға бай бірегей басылым деуге болады. Журнал бетінде жарық көретін көлемді мақалалар мен салмақты сараптамаларға көз жүгірткенде, оның дені мәдениет пен спортқа, туризм мен өлкетану саласына қатысты екені аңғарылады.*

*Баршамызға мәлім, мемлекет басшысы отандық креативті индустрияны жүйелі қолдаудың маңыздылығын атап өтті. Ол ең алдымен - тамыры терең тарихымызды, ұлттық әдебиетіміз бен дәстүрлі мәдениетімізді еселеуге үлес қосады. Өз кезегінде журнал оқырмандарына еліміздің елеулі тұлғалары туралы жаңаша пайымдағы тың зерттеулер, ғылыми мақалалар мен танымдық эсселер үздіксіз жарияланып, насихатталып отыруы керек деп есептейміз.*

*Келесі маңызды бағыт – салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту. Бұл бағытқа да біз ерекше мән беруіміз қажет. Себебі, еліміздің атын әлемге танытуда спортшыларымыздың еңбегі ерекше зор. Жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде саңлақ сайыпқырандарымыздың мойынындағы жүкті жеңіл деуге келмейді. Бұл орайда да журнал бетінде үздік спортшылар турасында, жаңа спорттық бағыттарды талдау, сараптау мазмұнындағы материалдар оқырманға көбірек жарияланып жеткені жөн.*

*Жалпы, адам түсінігінде кез келген тұлға спортқа бірден қызығып келмейді. Сондай-ақ адамды тым жастайынан спортқа берудің де өз кері әсерлері болады. Сондықтан, жас буынды спортқа баулуда көбірек ғылыми көзқарастарға жүгінгеніміз жөн. Әлбетте, ондай материалдар осындай бұқаралық ақпарат көздері арқылы халыққа жетеді. «Соқпақ-Тропинка» журналы бұл тақырыптар төңірегінде кәсіби мамандарды сөйлетіп, сүбелі сұхбаттарды жиі жариялап отырады деп сенеміз.*

*Мемлекет басшысы туризмді дамытудың мәселелерін де айрықша атап өтті. Бұл салаға да министрлік ерекше көңіл бөліп келеді. Сервис сапасын жақсарту, саланы цифрландыру бойынша жобалар қолға алынуда. Атап айтқанда, қонақ үйлерді «eQонақ» жүйесімен қамту, гидтердің қызметін цифрландыру сияқты игі істер өз жалғасын табууда.*

*Біз отандық туризмді түлетуде туған жеріміздің әсем табиғатымен қоса тамыры терең бай тарихымызды да шетелдік туристерге таныстыруды ұмытпауымыз қажет. Бұл – елімізге шетелдік қонақтарды көбірек тартудың бірден-бір жолы.*

*Журнал мазмұны осы бағытта да туристерге қажет қызықты ақпараттармен толығып, жарық көріп отырса, ол еліміздің туризм саласын дамытуға елеулі үлес қосады. Жалпы, бұл айтылған бірқатар мәселе жаңа салалық тұжырымдама шеңберінде іске асырылуы қажет.*

*Өз кезегінде ойлы оқырманы қалыптасқан «Соқпақ-Тропинка» журналы аталған игі істерге әрдайым тілектес болады деп сенемін.*



**Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі**

**Асхат ОРУЛОВ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІНДЕ 01.12.2003 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛІП,  
№4482-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.  
24.12.2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ  
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕ № КЗ40VРV00044511  
ҚАЙТА ТІРКЕЛДІ.

Таралым аймағы: Қазақстан Республикасы

№2(103), сәуір 2023 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі  
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм  
және экология облыстық орталығы» (келесіде – БҚ  
ОБЖТЖЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
қолдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаушы:

**РОМИН Виктор Павлович** - А.А.Остапец – Свешников  
атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм  
және өлкетану академиясының (келесіде – А.А.Остапец-  
Свешников атд. ХБЖТЖЭО) академигі, п.ғ.к.

Редакциялық кеңес:

Төрайымы: **Мыңбаева Айгүл Әділгерейқызы** - Батыс  
Қазақстан облыстық білім басқармасының басшысы

Шеф-редактор: **Бекқалиев Ғалым Ибатовлаулы** – Батыс  
Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар  
мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық  
орталығының директоры (келесіде – БҚОБЖТЖЭО)

Кеңес мүшелері:

**Жұмаев Максат Сағынтайұлы** – белгілі Қазақстан  
альпинисі, альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі  
Спорт шебері, БҚО-ның құрметті азаматы

**Смирнов Дмитрий Витальевич** – п.ғ.д., А.А.Остапец-  
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның президенті

**Мазбаев Орденбек Білісбекұлы** - п.ғ.д., А.А.Остапец-  
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

**Никитинский Евгений Сергеевич** – п.ғ.д. «Тұран-  
Астана» университетінің профессоры

**Абдулхаиров Абджемил Закерьянович** – п.ғ.к., доцент,  
А.А.Остапец-Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның Крым  
аймақтық филиалының төрағасы

**Шаяхметов Асхат Галиевич** - А.А.Остапец-Свешников  
атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

Редакция алқасы:

**Г.З.Усағалиева** – ОБЖТЖЭО директорының ОӘЖ  
жөніндегі орынбасары

**А.Б.Мукашева** - ОБЖТЖЭО директорының ОТЖ  
жөніндегі орынбасары

**К.Е.Неталиева** - ОБЖТЖЭО туризм және қауіпсіз  
маршруттар бөлімінің меңгерушісі,

**Р.С.Альмұханова** – ОБЖТЖЭО өлкетану бөлімінің  
меңгерушісі

**Н.Х.Гатауов** - ОБЖТЖЭО экологиялық туризм бөлімінің  
меңгерушісі

**Р.Е.Нұрманов** - ОБЖТЖЭО спорттық бағдарлау бөлімінің  
меңгерушісі

**В.В.Мазуренко** - ОБЖТЖЭО спорт және дене шынықтыру  
бөлімінің меңгерушісі

Нөмірмен жұмыс жасағандар:

**Қайрлиева Қ.Ж.** - бас редактор

**Карина Ж.М.** - корректор

**Кушекқалиев Ж.Н.** - дизайнер, беттеу

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының  
пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.  
Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Жазылым индексі

Жеке жазылушы – 75184

Мекемелер мен ұйымдар – 25184

Редакция мекен - жайы:

090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Исатай батыр көшесі, 71/1

Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91

e-mail: evrasia\_centre@mail.ru

www: tourizm07.kz

Форматы А4 210 x 279 мм, офсетті басып шығару.

Тапсырыс №

Таралымы 500 дана

«Көкше-Полиграфия» АҚ компаниясында басылған,

Ақмола обл., Көкшетау қ.,

## ӘДІСНАМА – МЕТОДОЛОГИЯ

5 әдістен — 50 әдіске!!!.....2

**Неталиева К.Е.**

Программа туристского кружка по комбинированному  
туризму (продолжение).....6

**Сарсенғалиев Р.С.**

Профессиональное обучение в Республике Казахстан:  
актуальность, анализ, современные тенденции .....10

## ТУРИЗМ

**Қайрлиева Қ.Ж.**

Балалар туризмінің «бағбаны».....12

**Халенов У.**

Жасанды жартас залында спорттық шыңға өрмелеудің  
бастапқы негіздері.....16

## ӨЛКЕТАНУ-КРАЕВЕДЕНИЕ

**Шаймерден Г.Б.**

Ұлттық тәрбие беруді өлкетану бағытында қолдану.....19

## ГЕОЛОГИЯ

**Якименко Г.А.**

Наши богатства.....21

## СПОРТ

**Акимова М.П.**

Роль национальных игр в физическом и духовном  
воспитании ребенка .....25

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

**Губашева А.Р.**

Шанақтан шыққан шалқар күй.....28

**Сәбит К.Ы.**

Туристік алау және оның түрлері.....31

**Темірболат Ә. М., Нуханова С.А.**

Жұқа мұздың үстінен өту әдісі.....34

**Көбеева С. Б.**

Түркістан өңіріндегі киелі жерлер.....36

**Ысқақ Д. Қ.**

Әлемдік жылыну, булану әсері.....39

**Қубаев М.У.**

«Туған өлке» танымдық жарысы .....41

**Кенжеғалиева Г.М.**

Топтық және қоғамдық керек-жарақтар, іріктеу  
және оларды күту.....43

**Ибрагимов Э.С.**

Сценарий внеклассного мероприятия на тему:  
«Родная улица моя» .....46

**Мерхай А.А.**

Жарысты бақылау. Жарыстағы медицина қызметі.....49

## ІСКЕРЛІК ПАПКАСЫ

Білім беру ұйымдарының педагогтерін аттестаттаудан  
өткізу туралы ереже.....52

(Жалғасы, басы №1 санда)

## 5 әдістен — 50 әдіске!!!

№	Әдіс -тәсіл түрі	Мақсаты	Тиімділігі	Қолданылуы	Кіріктірілген модульдер, идеялар
26	Дауыстап ойлау әдісі	Оқи отырып ой түйю, ой бөлісу.	Оқушыларды дұрыс тыңдауға ынталандырады. Оқылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.	Жұптаса отырып берілген тақырыпты біреуі дауыстап оқиды, екіншісі тыңдай отырып ой түйеді. Бір-біріне түсіндіреді.	СТО, диалогтік оқыту
27	Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі әдісі	Оқушыны алған білімін саралай білуге дағдыландыру.	Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.	Тақырып бойынша алған керекті ақпараттарды шабаданның тұсына жазса, ал әлі де оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқыштың тұсына жазады. Сонымен қатар керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігінің тұсына жазады. Осылайша мұғалім өткен сабақтан қандай білім алғанын біледі.	ОұБ, кері байланыс
28	Ыстық орындық -1, 2 әдісі	Оқытуда оқушы белсенділігін арттырумен қатар әр оқушының мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтау.	Оқушылардың сұрақ қою дағдысы қалыптасады және сұрақ қою арқылы өзара ашық пікірлеседі. Сыныптағы кез келген оқушыны Ыстық орындыққа отыруға шақырады. Ең маңыздысы – өз еркімен шығу. Оқушы ортада тұрған үстелге отырып тапсырма бойынша қойылған сұрақтарына жауап береді.	Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру қажеттігін мұғалім түсіндіреді. Сұраққа жауап бере алмаған жағдайда күйді деп ескерту беріледі. Осылайша бес немесе алты оқушы Ыстық орындыққа отыру арқылы үй жұмысын немесе жаңа сабақты қорытындылау бойынша сұрақтарға жауап береді. 2-ші нұсқа бойынша Ыстық орындыққа отырған оқушы сұрақтар қоя алады.	СТО, диалогтік оқыту, Дарынды/ талантты, Көшбасшылық
29	Бір минуттық әңгіме тәсілі	Иен Майлс бойынша	Оқушының бір-бірінен ақпарат алу дағдысын қалыптастыру. Оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады, жұптық жұмыс жүреді.	Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі.	СТО, диалогтік оқыту,

30	Киномета-фора әдісі Харизма бойынша (Н.Баринаова)	Оқушының ой-өрісін, ойлау қабілетін дамыту.	Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды.	Бір мәселе бойынша бейнесюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың өз ойын, ой-пікірлерін білуге болады.	СТО, диалогтік оқыту, АКТ
31	Қара жәшік ішіндегі жұмыс	Оқушының өзін-өзі бағалауын дамыту.	Оқушының оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпал етеді.	Сабақ соңында оқушыларға бір-біріне тиімді сұрақ қойғызу арқылы кері байланыс жасатуға, оқуға белсенді қатыстыруға, өзін-өзі бағалауға қатыстыруға болады	ОүБ, кері байланыс, диалогтік оқыту
32	Бес саусақ әдісі	Оқушының бір-біріне бес саусақтай бірігуіне ықпал ету.	Бас бармақ – басты мәселе Балалы үйрек – бірлесу Ортан терек – ойлану Шылдыр шүмек – шынайылық Кішкентай бөбек – көңіл-күй ахуалы Балалар паракқа алақандарын қойып, оны жиегімен қаламмен айналдырып өтеді. Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:	1. Бас бармақ - басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды? 2. Балалы үйрек- бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза қылдым? 3. Ортан терек- ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? 4. Шылдыр шүмек- шынайылық. Сабақ саған ұнады ма? Неліктен? 5. Кішкентай бөбек – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?	ОүБ. Кері байланыс
33	Ашық микрофон әдісі Саймон Браунхилл бойынша	Оқушыны жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру.	Құнды ой жинақтап, ойын ашық айтады	Оқушылар қолдарына микрофон ұстап, өткен сабаққа байланысты немесе үй жұмысына байланысты сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді.	ОүБ, кері байланыс, диалогтік оқыту, СТО
34	Шахмат әдісі Саймон Браунхилл бойынша	Өткен тақырып бойынша қайталау, кері байланысты жазбаша жүргізу.	Маңызды ақпарат туралы ой бөлісіп, жазылым, оқылым, тыңдалым мен айтылым дағдылары қалыптасады.	Шахмат тақтасының суретін пайдалану арқылы оқушылар бос ақ ұяшықтарға өз ойларын кезекпен жазады, кейін ой бөліседі.	ОүБ, кері байланыс, диалогтік оқыту, СТО
35	Төрттік әдіс (әке, ана, бала, дос) Сергіту сәті, топқа бірігу түрі	Оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, бір-біріне жақындастыру.	Оқушының бір-біріне деген бауырмалдығы оянады, ынтымақтасады.	Сыныптағы оқушыларға әке, ана, бала, дос деген жазулары бар паракшалар таратылады, сол аттары бойынша топқа біріктіруге болады және әке, ана, бала, дос туралы әннің бір шумағын ғана орындату арқылы сергіту жаттығуын жасауға болады.	ЖАДА

36	Ханшайым, айдаһар, Ханзада сергіту сәті Харизма бойынша (Н.Баринаова)	Қандай да бір ақпарат алуда шапшаңдыққа баулу.	Оқушының шапшаң ойлауы арқылы жылдам шешім қабылдауына ықпал болады.	Екі топқа бірігіп, қарама-қарсы сызық бойымен тұрады. Бір топ ханзада болып, бір топ айдаһар болу немесе ауысып ханшайым мен ханзада болу арқылы т.с.с бірнеше рет қайталау арқылы сергіту жаттығуы жүргізіледі.	ЖАДА
37	«Сұрақ ілмегі» әдісі	Оқушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру.	Оқушы сабақтың қай бөлігін немесе тақырыпты түсінбеген, болмаса сабақ төңірегінде ойландырып жүрген сұрақтарын ашық айтады.	Бұл әдісті жазбаша немесе ауызша өткізуге болады. Сұрақ қою арқылы баланың сабақты қалай меңгергенін немесе меңгермеген жерлерін білуге болады. Керісінше бала өз ойын ашық жазып іліп кетуіне болады. Түрткі болу, сынақтан өткізу немесе қайта бағыттау техникаларын пайдаланады.	ОҰБ, кері байланыс, диалогтік оқыту, СТО
38	«Екі дұрыс, бір бұрыс» тәсілі	Оқушының ойлау қабілетін дамыту	Оқушы өзіне тест құрастыру арқылы уақытты тиімді пайдаланады.	Өткен тақырып немесе үй тапсырмасы бойынша екі дұрыс, бір бұрыс жауабы бар тест құрап жұптық жұмыс немесе топтық жұмыс жасауға болады.	ОҰБ, кері байланыс, диалогтік оқыту
39	«Жалғасын тап» сергіту сәті	Оқушыны жылдам ой қорытуға баулу	Оқушының логикалық ойлауы дамиды, жылдам ой түйіндейді.	Сөйлемнің басы жазылған парақшаларды оқушыларға таратады, олар ойды жалғастырып, сөйлемді толықтырып айтады. Бұл әдісті жаңа сабақты бекітуге немесе үй тапсырмасын сұрауға да пайдалануға болады.	ОҰБ, кері байланыс, диалогтік оқыту, СТО
40	«Буклет» әдісі (С.Браунхилл)	Ақпаратты жинақтау	Оқушылар алған білімдерін жинақтап, ең маңыздыларын ұсына алады.	Бұл әдіс топпен жасалады және Автобус аядамасы әдісімен түсіндіріледі.	диалогтік оқыту, СТО
41	«Тормоз» ойыны Сергіту сәті Қостанай МПИ тьюторлары бойынша	Ойын сергіту, тыңдалымды дамыту, шапшаңдыққа үйрету	Бұл жаттығу арқылы топта ЖАДА қалыптасады, тыңдалым мен зейін дамиды	Шеңберде тұрып, ретімен саналады. Жүргізуші өз санын айтып, санын шапалақтайды, барлығы солай қайталайды. Сосын басқа әріптестің санын айтады, сол кезде сол әріптес әрі қарай жалғастыру керек.	диалогтік оқыту, СТО, ЖАДА
42	«Шеринг» әдісі Харизма бойынша (Н.Баринаова)	Ой бөлісу	Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтайды, пікір алмасады.	Барлығы шеңберде отырады, жүргізуші бастап, кезекпен барлығы тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылайды. Идеялар қайталанбау керек.	ЖАДА, кері байланыс

43	«Ит пе, мысық па?» ойыны Сергіту сәті Харизма бойынша (А.Подгузов)	Ойын сергіту, тыңдалымды дамыту, шапшаңдыққа үйрету	Бұл жаттығу арқылы топта ЖАДА қалыптасады, тыңдалым мен зейін дамиды	Барлығы шеңберде тұрады, топ 2 шағын топқа бөлінеді. Жүргізуші сол жағына Ит пе?, ал оң жағына Мысық па? деп сұрақ жібереді. Жіберген сұрақ тез, жылдам келсе, жүргізуші растап, Ия, ит немесе Ия, мысық деп жауабын жібереді. Қай топтан тез жауап келсе, сол топ ұтады.	ЖАДА
44	«Эйлер шеңбері» әдісі (А.Егизбаев)	Тақырып бойынша негізгі идеяларды жинақтап, саралау.	Идеялар жинақталып, сараланады	А4 параққа, шағын постерге Эйлер шеңбері сызылып, кезекпен идеялар талқыланып, жазылады. Не?Қалай? Неге? Нәтиже? деген Мәселер бойынша идеялар сараланады.	ОүБ, кері байланыс, СТО
45	«МИКС» жаттығуы (А.Егизбаев)	Идеяларды жинақтап, түйіндеу, кері байланыс жасау.	Идеяларды жинақтап, түйіндейді. Әр топ шығармашылық көзқарас білдіреді.	Тақтаға түйінді 9-10 тірек сөздер жазылады. 1-ші топ – өлең шығару, 2-ші топ – эссе жазу, 3-ші топ – суреттеу, 4-ші топ – сахналық көрініс, 5-ші топ – бір әннің мелодиясына салып, топпен орындау.	ЖАДА, кері байланыс, ОүБ
46	«Тепе-теңдік дөңгелегі» әдісі Харизма бойынша (Н.Баринаова)	Ойды жинақтау, тақырып бойынша қажеттіліктерін анықтау.	Тақырып бойынша ойлар түйінделеді.	Шеңберде бірнеше бөлік болады. Әрбір идея 0-ден 10-ға дейін балл арқылы анықталып, белгіленеді. Кейін нүктелер қосылып, баланс шыққаны-шықпағаны талданады.	ОүБ, кері байланыс
47	Кувэртка әдісі (Иен Майлс бойынша)	Идеяларды жинақтау, жазбаша кері байланыс беру	Идеялар талқыланады, жинақталады	А4 парақ екіге бүктелініп, жұпта кезек –кезек идеялар жазылып, ой бөліседі.	Кері байланыс, Диалогтік оқыту
48	«Желпуіш» (Веер) әдісі (С.Браунхилл)	Идеяларды жинақтау, жазбаша кері байланыс беру	Идеялар талқыланады, жинақталады	А4 түрлі түсті параққа желпуіш жасалынып, әрбір бөлігіне кезекпен идеялар жазылады, кейін талқыланады.	Кері байланыс, Диалогтік оқыту
49	«Ұшақ» әдісі (С.Браунхилл)	Идеяларды жинақтау, жазбаша кері байланыс беру	Идеялар талқыланады, жинақталады		Кері байланыс
50	«Жасырын сөздер» ойыны	Идеяларды қорытындылау және кері байланыс жасау үшін	Идеялар талқыланады, жинақталады, шығармашылық қабілеттері дамиды.	1 адам ортаға шығады, жүргізуші оның артында тұрып, бірнеше сөздерді жасырады, ал топтағылар ым-ишара арқылы ғана түсіндіреді. Ортадағы адам қандай сөз жасырылғанын табу керек.	Кері байланыс

\*ЖАДА - (жақын арадағы даму аймағы) тұжырымдамасы

\*СТО – сын тұрғысынан ойлау

\*ОүБ – оқу үшін бағалау әдістемесі

<https://kznews.kz/life stile/bilim-beru degti>



## Программа туристского кружка по комбинированному туризму



**НЕТАЛИЕВА К.Е.**

Заведующая отделом туризма и безопасности  
маршрутов ОЦДЮТиЭ, педагог-исследователь,  
г. Уральск, ЗКО

*Рекомендовано к публикации решением экспертного совета  
Центра развития образования  
Управления образования Западно-Казахстанской области  
протокол №2 от 30.04.2021 г.*

(Продолжение, начало в №6 за декабрь 2022 года, №1 за февраль 2023 года)

### УЧЕБНО-ТЕМАТИЧЕСКИЙ ПЛАН второго года обучения

№	Содержание темы	Количество часов		
		Теория	Семинары	Практика
1	2	3	4	5
<b>Блок Б1 – Азбука туризма - 22 часа</b>		<b>10</b>	<b>2</b>	<b>10</b>
1.	Общий инструктаж по ТБ. Инструктаж по ТБ при работе со снаряжением, на тренажерах	4		
2.	История развития туризма в Казахстане		2	
3.	Этика туризма. Законы туристов.	2		
4.	Основные туристские обязанности	2		2
5.	Практическое занятие Разработка маршрута 2-3-хдневного похода, выход на маршрут	2		8
<b>Блок Б2 – Основы туризма – 116 часов</b>		<b>26</b>	<b>-</b>	<b>90</b>
1	Знакомство с техникой пешеходного и горного туризма. Работа на скалодроме. Специальное туристское снаряжение для работы на профсоревнованиях, уход за снаряжением и ремонт	2		4
2	Наведение страховки при командной работе.	2		8
3.	Техника самонаведения переправ	2		8
4.	Подъем и спуск по командным перилам	2		8
5.	Мятник самонаведением	2		8
6.	Узлы, применяемые при работе с командными перилами	2		8
7.	Работа с устройством для натяжения веревок - полиспаг	2		8
8.	Особенности пешеходного и горного туризма	2		8
9.	Практические занятия по теме «Туристское снаряжение»:			4
9.1.	Составление перечня снаряжения для похода;	2		
9.2.	Установка и снятие палатки;	2		3
9.3.	Костровое оборудование	2		3
10	Общая физическая подготовка	2		10
11.	Специальная физическая подготовка. Участие в спортивно-массовых мероприятиях	2		10
<b>Блок Б3 – Основы медицинских знаний – 16 часов</b>		<b>6</b>	<b>4</b>	<b>6</b>
1.	Гигиена туриста	2		2
2.	Профилактика заболеваний	2	2	
3.	Основные виды травм. ПМП в походе, на соревнованиях	2		4
4.	Практические занятия по теме «Основы медицинских знаний»:			



4.1.	Оказание первой помощи при укусах насекомых, при ожогах, обморожениях;		2	
<b>Блок Б4 – Ориентирование и топография – 20 часов</b>		<b>5</b>	<b>3</b>	<b>12</b>
1.	Ориентирование на местности, знакомство с масштабом	2		2
2.	Топографическая подготовка	1		2
3.	Работа с компасом и картой	2		2
4.	Практические занятия по ориентированию и топографии:			
4.1.	Работа с компасом, определение азимутов, движение по заданным азимутам;		2	2
4.2.	Движение на местности с помощью карты (подготовка маршрута, составление плана-графика движения);		1	2
4.3.	Определение расстояний на местности;			2
<b>Блок Б5 – Краеведческая подготовка туриста – 20 часов</b>		<b>4</b>	<b>6</b>	<b>10</b>
1.	Краеведческая работа в туристском походе	2		2
2.	Туристские возможности родного края	2	2	
3.	Обзор туристских районов Западно-Казахстанской области.		2	2
4.	Работа над краеведческими заданиями, изучение районов походов.		2	6
<b>Блок Б6 – Туристские навыки и быт – 22 часа</b>		<b>4</b>	<b>4</b>	<b>14</b>
1.	Принципы организации и проведения бивуачных работ.			4
2.	Костры и костровое хозяйство.			4
3.	Питание в походе: его значение и особенности.	2		2
4.	Пищевая раскладка и ее составление. Требования к раскладке.	2	2	
5.	Практические занятия по теме «Питание»:			
5.1.	Разработка пищевой раскладки на поход, составление сметы		2	4
	Теоретических занятий	55 часа		
	Практических занятий в помещении		19 часов	
	Практических занятий на местности			141 часов
<b>ВСЕГО</b>			<b>216 часов</b>	

## Программа

### Блок Б1. Азбука туризма – 10 часов

Введение. Беседа о туризме и о работе кружка, о значении туризма для человека и для государства. Виды туризма; особенности пешеходных походов. Нормативы значков «Жас турист» и «Турист Казахстана». Рассказы об интересных походах и путешествиях (показ кинофильма или диафильма). Последовательность подготовки путешествия: знакомство с районом, принципы формирования туристской группы, изучение отчетов других групп, план-график похода, нормы скорости, классифицирование туристских походов по сложности. Стратегия и тактика туристских походов. Схемы построения маршрутов. Заполнение анкет (туристских паспортов) кружковцев. История туризма. Структура туристских органов. Виды туризма: ознакомление с горным, водным, лыжным, пешеходным туризмом. Виды туристского многоборья. Ознакомление с их отличиями.

### Блок Б2. Основы туризма – 116 часов

Эти два вида туризма имеют больше сходства, чем различий. В них один способ передвижения - пешком, общие технические приемы преодоления пересеченного рельефа, водных препятствий;

различия прежде всего в том, что пешеходные походы совершаются во всех районах, а горные - только в высокогорных. Особенности проведения пеших походов, отличия пешеходного туризма от других видов. Виды препятствий, встречающихся в пешем походе: переправа, болото, труднопроходимый лес, пески, завалы, перевал, вершина. Категорирование препятствий по трудности. Зависимость категории сложности похода от трудности встречающихся препятствий. Категорирование пеших походов по методике Востокова. Снаряжение, необходимое для проведения пешего похода по равнинной и горной местности. Техника движения по скользкой дороге, по лесным дорогам, по заболоченным участкам, по проселочным, пустынным и горным дорогам.

Виды переправ, способы организации переправы вброд, вплавь, навесной переправы. Особенности организации переправ в зависимости от района, времени года, времени суток. Техника движения по болотам, устройство гати, организация страховки, изготовление болотоступов. Техника постановки ступней ног, положение корпуса, выбор ритма и темпа ходьбы на большие расстояния, при подъемах, спусках,

при движении по тропам. Техника движения с альпенштоком, отработка навыков движения траверсом, подъема, спуска с альпенштоком.

Полиспаг – это система блоков для подъема грузов. Принцип работы полиспага подобен рычагу: усилие, которое необходимо приложить, становится меньше в несколько раз, при этом работа выполняется в том же объеме. Роль рычага играет веревка. Применение в туризме – натяжение переправ.

Вязка узлов. Типы костров. Знакомство с работой на веревках: Познакомить учащихся с видами, диаметрами, строением, характеристикой веревок. А также с тем, как хранить веревки, чтоб они были в хорошем рабочем состоянии. Определение узла, требования к узлам, группы узлов по назначению. Основные туристские узлы: прямой, академический, шкотовый, брамшкотовый, булинь (беседочный), булинь на себе, стремя, штык простой, штык со шлагом, штык рыбацкий, встречный, проводник-восьмерка, австрийский проводник, простой проводник, ткацкий узел, грейпвайн, двойной булинь, заячьи уши, схватывающий узел (прусс); достоинства и недостатки узлов.

#### **Блок Б3. Основы медицинских знаний.**

Гигиена туриста. Доврачебная помощь пострадавшему. Личная гигиена туриста. Обувь туриста, уход за ногами и обувью во время похода. Гигиенические требования к одежде, постели, посуде туриста.

Купание в походе. Предупреждение переохлаждения и обморожений в зимнем походе, простудных заболеваний в летних походах. Первая помощь при утоплении. Бледное и синее утопление. Отличия в оказании первой помощи. Причины смерти при утоплении. Содержание и комплектация групповой и индивидуальной походной аптечки и первая доврачебная помощь пострадавшему. Самоконтроль туриста. Транспортировка пострадавшего

Акклиматизация и адаптация. Необходимость планирования маршрута с учетом акклиматизации группы. Последствия недостаточной акклиматизации.

Питьевой режим в походе. Способы обеззараживания воды, Правила использования химических средств защиты от кровососущих насекомых. Индивидуальный медицинский пакет туриста. Первая медицинская помощь при ожогах, обморожениях, головных болях, желудочных, простудных заболеваниях, порезах, ссадинах, укусах насекомых и пресмыкающихся, при растяжении связок. Меры предупреждения перечисленных травм и заболеваний. Как остановить кровотечение. Что

такое снежная слепота, ее предупреждение. Способы транспортировки пострадавшего, заболевшего. Обязанности санитаров походной туристской группы при подготовке и во время похода. Ведение санитарного походного журнала, ежедневный санитарный контроль над соблюдением правил личной гигиены, за чистотой посуды. Опасности бесконтрольного употребления грибов, ягод, трав. Почему турист не имеет права скрывать свое недомогание.

Уход за больным в походе. Медицинский контроль, его необходимость при подготовке похода и комплектации группы.

Практические занятия. Оказание первой доврачебной помощи при различных травмах. Транспортировка пострадавшего. Освоение приемов самоконтроля. Обработка и перевязка ран, наложение жгута.

#### **Блок Б4. Ориентирование и топография.**

Понятие местности, понятие рельефа, местные предметы, типовые формы рельефа, как-то: гора, хребет, котловина, лощина, седловина, основные разновидности местности: равнинная, холмистая, горная, лесистая, болотистая, лесисто-болотистая, пустынная. Сущность ориентирования, из чего складывается ориентирование, подготовка к ориентированию, стороны горизонта, азимут, отличие азимута от угла, азимутальное кольцо, средства и условия для ориентирования, измерение азимутов, способы ориентирования в пространстве: по компасу, по звездам, по Солнцу, по Луне, по местным предметам. Ориентирование во времени, определение расстояний. История и устройство компаса, виды компасов, задачи, решаемые с помощью компаса: метод засечек, метод обратных засечек, определение точки стояния, ориентирование во времени.

Прокладка маршрута, составление плана-графика движения, высотная диаграмма маршрута, коэффициент перепада высот, дежурные проводники, протокол движения. Виды и правила разведки на маршруте. Описание местности (техническое описание маршрута), действия при потере ориентировки, съемка местности (составление плана местности).

Тактические свойства и виды местности. Что такое рельеф. Способы изображения рельефа на картах. Что такое горизонталь, сечение; заложение, отметка, бергштрих. Основные формы рельефа и их изображение на топографической карте. Определение крутизны склонов.

Условия ориентирования в походе на открытой и закрытой местности (при потере обзора), при наличии и отсутствии карт, на местности бедной и богатой ориентирами. Способы и приемы

ориентирования в различных условиях летом и зимой. Обязанности проводников и разведчиков.

Практические занятия Работа с компасом, определение азимутов, движение по заданным азимутам;

#### **Блок Б5. Краеведческая подготовка туриста – 20 часов.**

В походе любой категории трудности имеются самые широкие возможности для проведения краеведческой и общественно-полезной работы. Объем и содержание этой работы определяются районом путешествия, основными задачами группы и ее составом. В познании родного края воспитываются идейно-политическая зрелость, убежденность, формируется мировоззрение. Этому способствуют конкретные примеры, которые усиливают эмоциональное отношение учащихся к традициям своего народа. Туристско-краеведческая деятельность вводит подрастающее поколение в социальную (макро) среду, что значительно ускоряет процесс его воспитания.

В походе юные туристы знакомятся с богатством родной природы, историческими и культурными памятниками, с жизнью страны. У ребят рождается и крепнет желание стать участниками труда своего народа. Они учатся находить новое, прогрессивное, видеть отмирающее, уходящее. Не пассивными, равнодушными наблюдателями, а активными борцами воспитывает их правильная позиция педагога и туристского коллектива.

В дорожную карту туризма Казахстана включены 60 объектов со всех областей страны. 14 из них имеют статус республиканского значения. В ЗКО определены три туристические точки роста, куда государство готово вкладывать средства и помогать в привлечении инвестиций. Это озеро Шалкар, ГПП «Бокейорда» и кластер развития детско-юношеского туризма. В области много объектов археологии - около двух тысяч. Они внесены в республиканский охранный список памятников истории и культуры Казахстана. Много курганных комплексов. Есть группа памятников средневековья - 17-19 веков....

#### **Блок Б6. Туристские навыки и быт**

Что такое привал и бивак в походе. Основные требования к местам привала и бивака. Периодичность привалов в зависимости от условий похода. Планировка бивака. Виды и производство хозяйственных работ на биваке (развертывание и свертывание бивака). Графики дежурств на биваках.

Типы костров и их назначение. Костровое оборудование. Выбор и заготовка топлива.

Сушка обуви и одежды. Общественно полезная работа на дневках. Охрана природы. Свертывание бивака. Противопожарные меры. Особенности организации ночлега зимой. Обеспечение безопасности группы, защита от переохлаждения и отморожения. Вынужденная холодная ночевка, максимально полезное использование имеющегося снаряжения.

Практические занятия: Отработка навыков по разведению костра в различных климатических условиях, организация бивачных работ, дежурство на биваке, самостоятельное изготовление временных укрытий в различное время года, постепенный переход от групповой ночевки зимой с костром при полном снаряжении к условиям вынужденной холодной ночевки (одиночество, отсутствие снаряжения и теплых вещей, невозможность разведения костра).

Значение правильной организации питания в походе. Оценка энергозатрат. Назначение питания. Режим питания. Нормы закладки основных продуктов. Требования к разнообразию питания в походе и к весу продуктов. Составление меню и раскладка продуктов. Учет расхода продуктов. Способы термообработки пищи, достоинства и недостатки каждого из них. Хранение продуктов в пути. Способы расфасовки продуктов, их преимущества и недостатки.

Опасность пищевых отравлений и отравлений грибами. Съедобные и несъедобные грибы и ягоды.

Практические занятия (семинары): Разработка пищевой раскладки на поход; способы упаковки продуктов, подготовка продуктов к транспортировке.

По завершению второго года обучающие должны знать и уметь:

- материалы основных разделов программы первого года обучения;
- порядок оформления ПВД, порядок действий при подготовке к многодневным походам;
- способы преодоления различных туристских препятствий, организовывать походный быт, составлять раскладку продуктов для многодневных походов;
- знать технику и тактику прохождения туристских дистанций, участвовать в туристских соревнованиях;
- знать топографические знаки, уметь читать карту, уметь ориентироваться по карте и компасу;
- умение составлять описание похода, паспорт краеведческого объекта;
- умение оказывать медицинскую помощь, предусмотренную программой



## Профессиональное обучение в Республике Казахстан: актуальность, анализ, современные тенденции



**САРСЕНГАЛИЕВ Р.С.**  
Магистрант ЗКИТУ, учитель  
истории, педагог-модератор,  
ПДО, г.Уральск, ЗКО

### *Аннотация*

*В данной статье автор рассматривает процесс актуальности развития системы профессионального образования в Казахстане. Автор попытался проанализировать преобразования в системе технического и профессионального образования в настоящее время, и предлагает свое видение к дополнениям к Государственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2020-2025 годы в области профессионального образования.*

*На современном этапе Казахстан формирует свою систему образования, вобрав в себя лучшие стороны системы образования Востока и Запада, стремится попасть в элитное образовательное пространство, сохранив в себе частицу этнопедагогике и этнопсихологии, удачно совместить эти особенности с требованиями инновационного XXI века.*

### *Аңдатпа*

*Бұл мақалада автор Қазақстандағы кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың өзектілігі процесін қарастырады. Автор қазіргі уақытта техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі өзгерістерді талдауға тырысты және Қазақстан Республикасында кәсіптік білім беру саласындағы 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасындағы толықтыруларға өз көзқарасын ұсынады.*

*Шығыс пен Батыстың білім беру жүйесінің ең жақсы жақтарын ала, этнопедагогика мен этнопсихологияның бөлшектерін сақтай отырып, қазіргі кезеңде Қазақстан өзінің білім беру жүйесін қалыптастыруда, элиталық білім беру кеңістігіне енуге ұмтылуда, бұл ерекшеліктерді инновациялық XXI ғасырдың талаптарымен сәтті үйлестіреді.*

**Ключевые слова:** профессиональное образование в Казахстане, Государственная программа развития образования в Республике Казахстан, основной индикатор развития.

**В** настоящее время, образование, стало важнейшим, системообразующим ресурсом модернизации общества, важнейшим фактором создания инновационной системы и развития Республики Казахстан.

Техническое и профессиональное образование является важной и составляющей частью уровня среднего образования и направлено на подготовку высококвалифицированных специалистов технического и обслуживающего труда по основным и направлениям общественно-полезной профессиональной деятельности [1].

Профессионально-техническое образование Республики Казахстан является важным звеном в системе непрерывного образования, школой профессионально-

го и гражданского становления личности молодого рабочего, качественного повышения общей и профессиональной культуры каждого члена общества.

Качественные и количественные изменения, которые происходят в экономике РК, а также внедрение новых инновационных и педагогических технологий в производство требует новых подходов к содержанию профессионально-технического образования, государственному стандарту профтехобразования, дидактическим принципам практического производственного образования, модели организационной структуры профтехучилищ и профтехлицеев, а также к научно-теоретическим и практическим проблемам многоступенчатой системы подготовки и

повышения квалификации рабочих кадров в учебных заведениях (колледжах, вузах) и на производстве.

Современная система образования подкреплена такими документами стратегического характера, как закон «Об образовании» (2007 г.), Государственная программа «Образование» (2006 г.), «Концепция развития образования на 2022-2026 г.», «Государственная программа развития образования на 2020-2025 гг.». Основной целью модернизации является обеспечение качественного преобразования системы образования Казахстана в условиях рыночной экономики с учетом глобализации. Говоря о глобализации, подразумевается единый международный стандарт, в данном случае стандарт образования [2].

Можно отметить, что образование является основным приоритетным направлением и основным индикатором развития во всех цивилизованных странах мира. Ведь по сути, страны конкурируют не только товарами и услугами - они конкурируют системами общественных ценностей и системой образования. Задача вхождения Республики Казахстан в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира может быть решена в том случае, если у страны будут высококвалифицированные специалисты, обладающие знаниями наукоемких технологий, управленческими навыками, умеющие ориентироваться в рыночной экономике, если будет создана эффективная система образования, удовлетворяющая потребностям мировой рыночной экономики [3].

Таким образом, данная тема очень актуализирована, поэтому существует необходимость системного исследования в этой области.

Цель исследования. На основе изучения обширного круга источников была предложена субъективная точка зрения на вопросы развития среднеспециального образования.

Объектом исследования является система образовательных учреждений РК.

Методы исследования: Теоретико-методологическая база исследования строится на основополагающих методах и принципах научного исследования. Методологической основой является системный подход, предполагающий рассмотрение фактов в их целостности и развитии, и функциональной взаимосвязи процессов и явлений. В работе применены сравнительно-исторический, статистический, логический и другие методы исследования. Статистический метод использовался автором в ходе анализа деятельности различных ведомств образования. Этот метод стал основой для составления обобщающей картины процесса развития образовательной системы Республики Казахстан в его динамике. Критический подход при анализе источников и литературы стал основой для уточнения и пересмотра некоторых положений современного образования.

Работа базируется на принципе историзма, научности и объективности. Принцип объективности позволил избежать излишней политизации утверждений и выводов. А методологические основы историзма дали возможность проанализировать внутренние взаимосвязи рассматриваемой проблемы.

В связи с этим, учитывая преобразования в системе технического и профессионального образования, хотелось бы предложить следующие дополнения к Государственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2020-2025 годы в области профессионального образования:

1. Необходимо проводить реформы в профессиональном образовании в РК, используя опыт ведущих зарубежных стран, в первую очередь, Германии.
2. Необходимо создать в РК при Правительстве РК, Президенте РК, Сенате РК Консультационные Советы, как в США, по проблемам среднего, высшего и профессионального образования в РК с привлечением известных педагогов РК, обладателей Государственных грантов "Лучший преподаватель вуза" известных не только в РК, но и в странах ближнего и дальнего зарубежья.
3. В связи с тем, что на специальность "Профессиональное обучение" поступают в основном абитуриенты из сельских местностей, необходимо при городских и областных акиматах открыть консультационные отделы по профессиональному обучению для связи вузов с сельскими регионами РК.
4. Ввести в практику обучения высших вузов для студентов третьих и четвертых курсов поездку на производственную практику в страны Западной Европы, для внедрения современных достижений науки в производство.
5. Оправлять преподавателей колледжей и вузов на стажировку в ведущие западные вузы для повышения квалификации по профессиональному образованию.
6. Увеличить выпуск книг по профессиональному образованию и переиздать некоторые подобные издания по профессиональному обучению.
7. Проводить ежеквартальные и годовые семинары по профессиональному обучению при МОН РК с привлечением известных казахстанских и зарубежных ученых.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Система технического и профессионального образования// <http://www.edu.gov.kz/ru/sistema-tehnicheskogo-i-professionalnogo-obrazovaniya>
2. ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПРОГРАММА развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/20392?lang=ru>
3. Стратегия вхождения Казахстана в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K060002006\\_links](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K060002006_links)



## Балалар туризмінің «бағбаны»



**ҚАЙРЛИЕВА Қ.Ж.**  
**ОБЖТЖЭО-ның ҚББП-і,**  
**«Соқпақ-Тропинка»**  
**ғылыми-әдістемелік журналының**  
**бас редакторы, Орал қ., БҚО**

### *Аңдатпа.*

*Сұхбатта БҚО балалар туризміне еңбегі сіңген, қосымша білім беру педагогы Самиголла Құбайұлы Бисемалиевтің еңбек жолы туралы жазылған. Тәжірибелі педагогтың алдынан жүздеген оқушылар білім мен тәрбие алып шықты. Жорық арқылы тәрбиелеу, өмір сүруге бағыт-бағдар беруде педагогтың жас ұстаздарға берер тәлімі де мол.*

### *Аннотация.*

*В интервью рассказывается о трудовой деятельности заслуженного педагога дополнительного образования Бисемалиева Самигуллы Кубаевича. Сотни школьников получили образование и воспитание у опытного педагога. Своим трудом внес огромный вклад в деле воспитания и образования молодых педагогов.*

**Кілт сөздері:** Бисемалиев Самиголла, жорық, «Жас дәурен» балалар үйі

- Сәлеметсіз бе, Самиголла Құбайұлы! Сізді мерейлі 60 жасыңызбен құттықтаймыз. 36 жыл бойы табан аудармай қызмет жасаған салаңыз – «балалар туризмі» бағытына қалай келдіңіз?

- Мен 1980 жылы қазіргі Ақжайық ауданы (бұрынғы Чапаев ауд.) Чапаев орта мектебінен 10 сыныпты бітірдім. Сол жылы өзім спортпен үнемі шұғылданып жүргендіктен А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының (қазір М. Өтемісов атындағы БҚУ) спорт факультетіне оқуға келдім. Бірақ, үлкендердің ақылымен шет тілі факультетіне оқуға түсіп, 1985 жылы жақсы бітірдім. Жолдамамен Аудандық білім бөлімінде спорт бөлімінің әдіскері, Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде оқу-тәрбие бөлімінің орынбасары болып қызмет еттім. 1987 жылдың 17 тамызында Орал қаласына көшіп келдік. Қалаға келіп тағы спорт бағытында жұмыс іздедім. Ол кезде Комсомол көшесі 69-шы үйде (бұрынғы Гагарин мен Педагогикалық институттың ортасында) орналасқан Жас туристтер станциясына (қазір ОБЖТЖЭО) жұмыс бар екенін естіп, жұмыс сұрауға келдім.

Мекемеде шаңғы, велосипедтер тұрды.

Директоры **Виктор Павлович Фомин**

екен, орынбасары Абдушева Рауза Жанболатовна жұмысқа қабылдады. Бірден қала мектептерінен 4 үйірме алдым. Ол кезде кілең орыс сыныптары, үйірме сабақтары да орысша өтті, көп жарыстар да болған жоқ. Туриадаларға қатысамыз, Хан тоғайына шаңғыға апарам... сөйтіп жаңа жылға дейін таза үйірме ісімен шұғылдандым. Мәлік Ғафуевич деген жолдас жігітімнің айтуымен «Жас дәурен» балалар үйінен үйірме алдым. Содан, яғни 1988 жылдан бастап балалар үйінде үйірме жұмысын жүргіздім. Бұрын үйірмеге тартылмаған балалар маған тез үйрене бастады. Алғаш рет қысқы каникулда А.Н.Маминнің жетекшілігімен Переметный мектебінің



оқушыларын (жетекшісі Альфия Шафхатовна) алып I категориялы жорыққа баратын болдық. Бізбен бірге Рауза Абдушева, Алексей Аблаев болды. Переметное, Пермск, Ульяновск, Богдановка ауылдарын араладық. Маған ұнады. Содан кейін келген бойда балаларды қыста шаңғы, жазда су, веложорықтар арқылы тәрбиеледім. Круглоозерный ауылынан бізге туристік база берді. Сабақтан кейін сенбі күні балаларды алып сонда барамын. Демалыста ораламыз. Бұрын ешқайда шықпайтын балалар менің жанымнан кетпейтін болды. Балалар мені әкесіндей сыйлады. Қызығы да, қиындығы да қатар болды...

### – Сол кездегі орталықтың жұмысы туралы айтсаңыз?

Біз 1987 жылы туризмді бастағанда станцияда ешқандай туристік құрал-жабдықтар болған жоқ: тек 4 карабин (ол да өрт сөндіру мекемесінен алған), 2-3 арқан, ескі шатырлар мен ұйқықаптары (мақтадан жасалған, ап-ауыр), сақтандыру құралдары (обязканың орнына жіппен шандып алып жүрдік...) мүлдем болмаған. Келер жылы марқұм В.П.Фоминнің қолдауымен туристік құрал-жабдықтарды жаңалап, жарыстарды өткізуді қолға алдық. Бұрын қала мектептерінің мұғалімдері жарыстарды өткізген. Онда да туристік техникадан өту, туристік әндер мен туристік тағам байқаулары ғана өткізіліп, бір-екі күнде бітіріп жүрген екен.

1988 жылы республикалық жарысқа облыстық туриаданың жеңімпаздары Орал қалалық №6 мектептің командасымен (жетекшісі Пашкин В.В.) Ақтөбеге бару керек болды. А.Маминнің орнына төреші ретінде мені жіберді. Ол кезде Ақтөбеде өткен жарыстың деңгейі өте жоғары екен. Біз бәрінен қалып қойған екенбіз.

Топографиялық түсірілім, Туристік бақылау маршруты (контрольный туристический маршрут), Өзі бағыттап тарту (самонаведения) деген этаптарды төреші бола жүре үйреніп алып, жарыстарға пайдаландық. Содан бастап, қызық болғанда, әдіскер болмасам да осы этаптарды менің мойныма «іліп» қойды. Республикалық жарыстарға барып, көріп келіп, осында енгіздік. Содан 25 жыл бойы осы туристік қашықтықтардың басшысы болдым. Станцияда бір жыл әдіскер болдым, бірақ маған балалармен жұмыс қатты ұнайтын еді. Балалар үйінің директоры Татьяна Сергеевна «құшақ жайып, қарсы алып» көп көмектесті. Жаңа туристік құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Арнайы кабинет берді. «Омега» зауытының атынан туристік клуб аштырып, жартылай қосымша қаражат бөлдірді. Ал, балаларым сабақтан, әзірліктен қалмады. Жазғы, күзгі, қысқы жарыстардан қалдырмадым. Үйірмешілерім қалалық, облыстық жарыстардан I орын алып жүрді. Ең алғаш рет Алтай өлкесінде балалар үйлерінің тәрбиеленушілері арасындағы халықаралық жарысқа 7-8 оқушымен барып, қатысып келдік. Онда Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен командалар қатысты. Осы жарыстан кейін сол жақта I тау жорығына (8 күндік, 100 шақырымдық) шықтық. «Орал – Көшім – Бударин – Чапаев - Орал» маршрутында алғашқы I дәрежелі веложорықтың, Батыс Тянь-Шань (1991), Алтай тауларына (1992) т.б. жорықтардың жетекшісі болдым. РФ Краснодар өлкесі Сочи қаласында өткен семинарға қатысып, Гагра, Пицунда қалаларына экскурсияға қатыстық. Келесі күні тау жорығына (Ахун тауына көтерілдік) шығып, тәжірибемізді шындадық. 1989 жылы Виктор Павловичтің бастамасымен



«Жайық-Урал» экологиялық экспедициясы алғаш бастау алғанда, ең бірінші болып біздің команда «Орал – Шалқар - Орал» маршрутымен айналып веложорыққа шықтық. Жорық 8 күн болды. Шалқарда үш күн жаңбыр жауып, балаларым велосипедтерін көтеріп жүрді. Сонда балаларымның төзімділігіне қайран қалдым. Солай қиындыққа төзіп, қайсарлыққа үйренді. Қазір тек сумен жүретін экспедиция әуелі осылай жаяу жорықтан басталды. Одан кейін біз экспедиция тапсырмасымен Елек өзенінен Каспийге дейін бардық. Әбден тақалып қалғанда бізді қайықпен Каспийге жіберген жоқ. Бірақ біз катер жалдап өзек арқылы теңізге шықтық...

– **Самиғолла Құбайұлы Сіз жорыққа көп шыққансыз, жорықтың бала тәрбиесіне қаншалықты маңызы бар деп ойлайсыз?**

– Үйірмешілерім қыста шаңғы, жазда су жорығын асыға күтетін. Батыс Қазақстан өңірінде бармаған маршрутымыз болған жоқ. Жорықтар – төзімділікке, денсаулықты шыңдауға ғана әсер етпейді, туған жерді сүйеге, достыққа, адамгершілікке баулитынын тәжірибе арқылы біліп, сезіп жүрдім. Іште тәртіпсіз оқушыларды жорық кезінде тіпті танымайсың... Жалпы, балаларды жорыққа алып шығудың 6 түрлі маңызы бар деп ойлаймын:

*Біріншіден, жорық - өмірге деген құштарлықты* оятады. Ол әлемді қабылдауды, табиғатты сүйюді және қорғауды үйренеді, экологиялық санаға ие болады, дос болуды және бір-біріне көмектесуді үйренеді, бұл өте маңызды. Қазіргі кезде бұған жету өте қиын.

*Екіншіден, жорық - командада жұмыс істей білуді* үйретеді. Барлық жорықта командалық жұмыс дұрыс жолға қойылмаса, диттеген жерге уақытында жету мүмкін болмайды.

*Үшіншіден, жорық - берік достықты* қалыптастырады.

Егер жорық кезінде олар қиындықтарды бірге жеңсе, бір-біріне көмектесе, нағыз Достық туады. Бұл барлық балаларға қатысты, өйткені жорық құрамында әртүрлі балалар болады. Біреу ашуланады, біреу өзіншіл, біреу жүз пайыз жалқау болуы мүмкін. Егер жорық кезінде топтағы бір баланың жағдайынан тап болған мәселелерді бірлесіп шешсе, онда қатысушы өзінің өзіншілдігі мен жалқаулығын түсінеді. Ол өзіне екінші жағынан қарап, қорытынды жасайды.

*Төртіншіден, жорық - балаларды түсінудің оңай жолы* дер едім. 1991 жылы Батыс Тянь-Шань тау жорығына, категориялық жорыққа

алғаш рет шығуымыз. Қасымызда инструктор, Рауза Жанболатқызының аздаған оқушылары және т.б. үйірмешілер бірге шықтық. Қиын да, қызығы көп жорық 10 күнге созылды. Бірінші қиындық - 2-3 күнде тамағымыз біте бастады (тамақты есептеуден қате кеткендіктен) да, инструктор қалған тамағымызды бөліп берді «бар тамақ осы, жорықтың соңына дейін жеткізесіңдер деп». Мен де балаларыма ескерттім. Біреуі бір сөз айтқан жоқ. Тау басында дүкен де, ауыл да жоқ. Үйдің балалары жылай бастады. Түнде өз тамақтарын ұрлап жегендер де болды. Бірақ, менің балаларым сыр бермеді. Үнемі алда жүрді. Тамақты да үнемдеп, қайта алға шығып жейтін жабайы алма, жеміс-жидек теріп келіп отырды. Я, бір ғана жорық адамның өмірге деген идеясын өзгерте алады.

*Бесіншіден, жорық - ересектермен ортақ тіл табысуға* үйретеді. Оны әр бір жорықтан көруге болады. Команда жетекшіге, тәртіпке бағынуы шарт. Соның арқасында жүздеген жорықта ешқандай «ЧП» болмай, аман-есен, көздеген мақсатымызға жетіп жүрдік.

*Алтыншыдан, жорық – баланың ерлікке дайындық жасауын, тығырықтан шығу тапқырлығы мен өмірге деген бейімділігін арттырады.* Мыс: жоғарыда айтып кеткендей «Елек-Каспий» су жорығы кезінде Атырауға келгенде ақшамыз да, тамағымыз да таусылды. Елге жетуге әлі 2-3 күн бар, тек қарақұмық пен шай қалды (оны балалар жегісі келмейді). Мен команданы қасымдағы Аққалиев Қуаныш ағайға тапсырып, Атырауға бір шаруамен барып келдім. Кешке келсем, балаларым жоқ, қайда десек,





олар қайықпен ауыл жастарын серуендетіп, Жайықтан әрі, бері өткізіп, тапқан пайдаларына тамақ толтырып алып келген... (әрине, келгесін қатты ескерту алды!)

Өмірге өкпелі балалардың тәртібі жағынан көп қиындықтар да болды. Көз ілеспейтін ұрлық жасау, өтірік айту, бұзып кету, бүлдіру т.б. жаман әдеттер олар үшін дағдылы әдетке айналған-ды. Мыс: жарыстағы жүлде қорын ұрлап кетіп, тығып тастау, шатырлардағы киімдерді ұрлап, сатып жіберу, музейлерден жәдігерді ұрлау, сындыру т.б. Бірақ бара-бара жазаның үлкені - жорыққа алмау, үйірмеден шығару болатындықтан көбі тәртіпті болуға тырысатын.

**– Қазіргі таңда Сіз спорттық бағдарлау бағытында балаларға тәрбие беріп жүрсіз. Осы спорттық бағдарлау жарыстары қалай басталды?**

Осы жылдар арасында туризм және спорттық бағдарлау бөлімінде жұмыстандым. Орталықта Невзоров Георгий Германовичтің еңбегі өте зор. А.Н. Мамин спорт жағынан үздік болса, ол әдісті беру жағынан өте көп көмектесті. Қазір бөлім меңгерушісі К.Е. Неталиева жоғары жетістіктермен көрінуде. Спорттық бағдарлау жарыстары 1987-88 жылдан бастап ескі карталармен өтіп жүрді. Түрлі-түсті қарындаштармен белгі қоямыз. Спорттық бағдарлауға еңбегі сіңген Мендібаев Рафхат Бареевич деген адам болды. Сол кісіден көп нәрсе үйрендім. Осы саланың жақсы дамығанын 1992 жылы Ресейден, Алтай өлкесіне барғанда

көрдім. Түрлі-түсті карта, компостер арқылы тау арасында, тоғайда өткен жарыс қатты қызықтырды. Келгеннен кейін осы саланы енгізуді ұсынғанмын, бірақ Облыстық спорт комитеті қолдамады. Тек бертін келе дамытты.

2008 жылы облыстық жарыстан менің балаларым 1 орын алып, Қарқаралыдағы жарысқа қатысты. Сол жылы басшымызға спорттық бағдарлауды дамытып отырған әріптестерімізді шақырып, әдістемелік көмек алуды ұсынғанмын. Республикалық спорттық бағдарлау федерациясының вице-президенті Ирина Валерьевна Щеглова, ресейлік маман Сергей Анатольевич Ефимов келіп, семинар жасады. Әуелі туризм бөлімінің әдіскері В. Давыдов, соңынан 2013 жылы Орталық жанына спорттық бағдарлау бөлімі ашылып бөлім меңгерушісі болып Р. Е. Нұрманов сайланып, қазір бұл сала өте жақсы жүргізіліп отыр. Қазір облыс бойынша 7 спорт шеберіне үміткер, 1 спорт шебері бар. Азия чемпионатында Иргусаева Наргиза жүлдегер атанды. «Жас дәурен» балалар үйі тарағаннан кейін осы бөлімнен қаланың №1 мектебінен 6-7 сынып оқушыларына үйірме жұмысын жүргіздім. Олар 9 сыныпты бітіргеннен кейін «Сервис және жаңа технологиялар» колледжіне менімен бірге кетті. Балаларымның нәтижелері де жоғары болды.

**Сұхбатты жүргізген әріптесі,  
журналдың бас редакторы  
Қ.ҚАЙРЛИЕВА**





## Жасанды жартас залында спорттық шыңға өрмелеудің бастапқы негіздері



**ХАЛЕНОВ У.**  
ОБЖТЖЭО туризм және  
қауіпсіз маршруттар бөлімінің  
әдіскері, ҚББП-і,  
Орал к., БҚО

### *Аңдатпа*

Мақалада жасанды жартас залында спорттық шыңға өрмелеу жарысының түрлері, сонымен бірге «қиындыққа», «жылдамдыққа» шығу, «боулдеринг» қашықтықтарынан өту тәртібі мен ережелері жазылған. Мақала қосымша білім беру педагогтарына бағытталған.

### *Аннотация*

В статье изложены виды соревнований по спортивному скалолазанию в зале на искусственном рельефе, а также порядок и правила прохождения дисциплин: «лазание на трудность», «лазание на скорость», «боулдеринг». Статья адресована педагогам дополнительного образования.

**Кілт сөздері:** Спорттық шыңға өрмелеу, «Боулдеринг» қашықтығы, «Жылдамдық» қашықтығы, «Қиындық» қашықтығы.

Спорттық шыңға өрмелеу дегеніміз – белгілі бір ережеге сәйкес, арнайы залдарда ұйымдастырылатын спорт түрі. Спорттық шыңға өрмелеу бойынша жарыстар заманауи халықаралық ережелерге сәйкес төмендегідей түрлерімен өтеді: қиындыққа шығу; жылдамдыққа шығу; боулдеринг.

Бұл спорт түрі 2018 жылдан бастап ресми түрде Олимпиадалық спорт қатарына енді. Алғашқы

ойын 2020 жылғы Олимпиада ойындарында үздік 8 елдің қатарына енді (Ринат Хайбуллин финал, Амир Маймуратов). Алдағы уақытта Олимпиадалық ойыннан басқа халықаралық спорттық шыңға өрмелеу федерациясының ұйымдастыруымен әлем чемпионаты, әлем кубогы өткізілмекші. Алғашқы рет жасанды жартасқа өрмелеуден жарысты 1947 жылы Домбай жартастарында (Кавказдың батыс



бөлігінде) «Найзағай» альпинистік лагерінің басшысы Иван Иосифович Антонович өткізді. Жарыс бағдарламасын енгізіп, сыйлықтармен марапаттаған. Жарыстың мақсаты КСРО – ның 30 жылдығына арналды. Осы жарыстан бастау алған бұл спорт түрі кейіннен қарқынды дамып экстремалды спортқа айналды. КСРО кезінде жасанды жартасқа өрмелеуден алғашқы спорт шебері атағын қорғаған спортшылар: А. Дёмин, В. Балезин, С. Калошин.

«Жылдамдық» қашықтығы:

Жарыстың қорытынды нәтижесі көтерілуге кеткен уақытқа байланысты.

Қашықтық «бағындырылды», тек төмендегі тізімге сәйкес болса ғана:

- спортшы жоғарыдағы арнайы белгіленген нүктеге қол тигізсе;
- мәре сызығынан асса;
- уақытты қолмен белгілеу кезінде мәре айналымына қолмен тигізсе.

Жарыс кезінде жылдамдық қашықтығында жұмыс жасаған кезде қауіпсіздік арқаны жоғары жақтан бекітіледі. Егерде спортшы жарты жолдан құлап кеткен жағдайда төрешінің қауіпсіздік арқаны ұстап қалады. Мұндай жағдайда қашықтық қорытындысы есептелмейді. Хаттамада спортшының сәтсіз өткендігі көрсетіледі. Жарыс кезінде спортшыға жылдамдық қашықтығын өтуге 2 мүмкіндік беріледі. Соның арасынан жақсы көрсеткен

нәтижені алады.

«Боулдеринг» қашықтығы:

Жарыстың бұл түрінің ерекшелігі қысқа, бірақ қиын дәрежелігінде. Боулдерингке трасса дайындалған кезде спортшыға қауіпсіздік арқандары қажет болмайды. Қауіпсіздік үшін арнайы маталар (крэш пэд) қойылады. Боулдеринг мынадай 3 түрге бөлінеді.

- 1 кезең;
  - 2 кезең (іріктеу және финал);
  - 3 кезең (іріктеу, жартылай финал және финал).
- Боулдеринг қорытындысы шығарылады:

- Өткен трасса саны;
- Алған бонустар саны;
- Трассаның өтуіне жұмсалған мүмкіндік саны;
- Бонус алуға жұмсалған мүмкіндік саны.

«Қиындық» қашықтығы:

Спорттық шыңға өрмелеудің бұл түрінде спортшыға қауіпсіздік арқаны төменгі жақтан арнайы құрылғымен (гри-гри) ұсталады. Спортшы жоғары көтеріліп бара жатқан кезде өзінде байланып тұрған жіпті трассада алдын ала бекітілген карабинге (оттяжка) салады. Шыңға өрмелеу барысында сақтандыру нүктелерін қалдырып кетуге тыйым салынады. Құлап кеткен жағдайда спортсменді соңғы салған карабині ұстап қалады.

Қиындыққа өрмелеуге қатысушының нәтижесі спортшының белгіленген уақыт ішінде барлық берілген нүктелерді алу, ала алмаған жағдайда



жоғарыдан төменге қарай алған нүктелері есептелінеді.

Күрделілікке көтерілгендегі трассаның ұзындығы:

- Ерлерге кем дегенде - 25 м;
- Әйелдерге кем дегенде - 20 м.

Карабиндер (сақтандыру нүктелері) арасындағы қашықтық 2 метрден, ал қабырға түбіндегі карабиндер 1,5 метрден аспауы керек.

Қатысушы мәре сызығының карабиніне арқанды тартып алса, трассаны толық өтті деп санауға болады. Мұндай жағдайда қатысушы хаттаманың ең жоғарғы бағасына ие болады.

Спорттық шыңға өрмелеумен қарапайым өрмелеудің айырмашылығы, спортшылар арнайы дайындалған трассада жарысады. Трасса екі түрге бөлінеді жасанды рельеф (жасанды жартаc залы немесе ашық аспан аясында) және табиғи рельеф (табиғи жартаcтар).

Жасанды жартаc залдарында арнайы тұрғызылған қалқандарда (щит) аралық тірек нүктелерге ілмектер (анкер) бекітіледі және оған арнайы тастар болт арқылы қондырылады. Ілмектерге оттяжасымен бірге карабин салынады және де осы бағытта қиындық қашықтығын өтуге мүмкіндік туады.

Ал табиғи рельефте сақтандыру пункттері жартаcтарға ілінген ілмектер арқылы құрылады. Қажет болған жағдайда трасса анық шектелген сызықтармен белгіленуі мүмкін. Спортшыға

қауіпсіздік арқаны ұйымдастырушылар ұсынған жалғыз арқанмен қамтамасыз етіледі. Төрешінің қауіпсіздік арқаны спортшыға көмектеспеуі және кедергі келтірмеуі керек.





## Ұлттық тәрбие беруді өлкетану бағытында қолдану

**ШАЙМЕРДЕН Г.Б.**

«Облыстық жас туристер станциясы» КММ  
туристік-өлкетану бөлімінің әдіскері,  
Түркістан қ. Түркістан обл.

### *Аңдатпа*

*Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын, ойшылдары мен зиялыларын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске толы ұлтқа елге бөлінбейтін ортақ мәселесі. Мақалада балаға ұлттық тәрбие беру оның бірі - ырым-тыйымдарды өлкетану бағытында оқыту.*

### *Аннотация*

*Воспитание детей — общая проблема любой эпохи, любого общества и нации. В статье автор рассказывает о значении национального воспитания. Статья предназначена учителям, педагогам дополнительного образования.*

**Кілт сөздері:** *Өлкетану, ұлттық тәрбие, ырым-тыйымдар*

*«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек,  
тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы»*

### **Әбу Насыр әл-Фараби**

Өлкетану – белгілі бір жердің, қаланың, елді мекеннің бір бөлігін оқып білу дегенмен, - білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал болып табылады. Өз өлкесінің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, өлкенің жаңаруына тікелей ат салысуымыз үшін қажет, өйткені туған өлке – шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Өлкетану отансүйгіштік сезімді – Отанға деген терең махаббатты тудырады. Оқушының адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл оқушының өзінің бір нақты ұлт өкілінің қатарына жататындығын түсінуіне және ол үшін мақтаныш сезімінің туындауына көмектеседі.

Олай болса балаға өлкетануды оқыту бағытында – ұлттық тәрбие берілуі тәрбиенің ең басты шарты. Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын, ойшылдары мен зиялыларын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске толы ұлтқа, елге бөлінбейтін ортақ мәселесі.

Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, келе жатқан патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, сапалы білімді дарыту – қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі. Ұлттық педагогикада «Тәрбие отбасынан басталады» деп тегін айтылмаған. Баланың тәлім-тәрбиесіне ерекше мән берген халқымыз «баланы жастан» деп мәтелдеген.

Жалпы, патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасынан бастау алады. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Тәрбие беруде адамгершілік, рухани, еңбек, діни және т.б тәрбиенің тоғысуы осы ұлттық тәрбиемен байланысты. Ұлттық тәрбие отбасында, балабақшада,

мектепте, барлық жерде де көрініс табады. Олар мемлекеттік нышандар: әнұран, ту, елтаңба, салт-дәстүр, әдет ғұрып, ұлттық ойын, ертегі, жыр, дастандар, аңыз, жаңылтпаш, мақал-мәтел, нақыл сөздер, тиым сөздер арқылы беріледі. Осы арқылы баланың «ұлттық коды» пайда болады. Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Тек сол арқылы ғана халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани мұрасымен жастардың бойына адамгершілік, ізгі қасиеттерді қалыптастырып, сіңіртіп, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеу ата-ана мен ұстаздар қауымына жүктеледі.

Тыйым сөздерге тоқталайық. Халқымыз Ай мен Күнді және жұлдыздарды ерекше құрмет тұтқан. Тіпті, оларды қолын шошайтып көрсетпеген де. Әсіресе отбасылық мәдениетіне келгенде біздің алдымызға түсетін ұлттар кемде кем деп ойлаймын. Қазақтың тыйым сөзі - ұлттық тәрбие көзі, яғни қазақ халқы кішкентай кезінен жақсылыққа үйір, жаман әдеттерден аулақ болсын деп тыйым арқылы баласын тәрбиелеп отырған. Қазақ халқының қанына сіңген тектілігі, адамгершілігінің жоғары болуы, әртүрлі келеңсіз көріністерден, әбес қылықтардан аулақ болғаны осы қазақтың тыйымының арқасы, яғни бала бойына ертеден сіңірген.

Мен педагог ретінде балаға тәрбие беруде ұлттық педагогиканы тағы да алға тартқым келеді. Қазіргі кезде тыйым сөздердің маңызы жойылып бара жатыр. Тыйым дегенді «мынау жаман», «ескіліктің қалдығы» деп түсінбеген жөн. Біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы осы тыйым сөзбен балаларын тәрбиелеп отырған. Ол әншейін жай ғана «сөйтпе-бүйтпе» емес, оның әрқайсысының астарлы мағынасы бар.

Ал оның тәрбиеде алатын орны ерекше. Мысалы:

1. Дастарқан басында мағынасыз әңгімелер айтуға болмайды. Тамақтану кезінде әрбір адам өзін-өзі ұстай білуі, мүмкіндігінше аз сөйлеуі тиіс.

2. Құстың ұясын, құмырсқаның илеуін бұзба. Біріміздің өміріміз бірімізбен тікелей байланысты деп оларға зәбір көрсетілмеген. Көзіне ақ түскен адамға құмырсқаның илеуін тауып, жем егіп басына қойған. Сонда ақ шел кетіп қалған.

3. Үйге қарай жүгірме. Тосын жағдай болғанда, жаман хабар келгенде үйге қарай жүрген.

4) Балаға ми жеуге болмайды - мидай былжыр, ынжық болады.

5) Ыдыстағы суға аузыңды малма - себебі сол ыдыстағы су арам болады. Ыдысты еңкейтіп ішу керек деп тазалықты талап еткен..

6) Отқа түкірме - сол үйдің оты сөнсін, иесіз қалсын деген мағынада жаман ырымға жориды.

7) «Үлкеннің алдын кеспе».

- Бұл тыйым сөздің екі себебі бар. Біріншісі мәдениеттілікке тәрбиелейді, үлкенді сыйлауға үйретеді. Екіншісі жолын кескен кісінің жолы болмауы мүмкін.

8) «Итті теппе».

- Ол жеті қазынаның бірі, адамның досы.

Тыйымдар мен ырымдар жас ұрпақты жаман әдеттен, ұрпақ тәрбиесінде қолданып келген және бұл үлкен маңызға ие болып, бүгінгі күні де күшін жойған жоқ.

Шынтуайтында, жас ұрпақты әдепті де саналы, арлы да абыройлы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне тірек арта отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, дәстүрлі дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған мұраларды олардың саналарына сіңіре білуіміз қажет. Ел болашағын туған жерді, Отанын сүйіп, оны қасық қаны қалғанша қорғай білуге үйрету, оқушы бойында патриоттық сезім мен адамгершілік сананы қалыптастыру – әр отбасы мен азаматтарының міндеті. Тәрбиенің қайнар көзі ата-бабамыздан қалған даналық сөздер десек, біз – сол насихаттың қолданушысы әрі қорғаушысымыз. Ендігі жерде елді сүюді ең асыл қасиеттің бірі деп бағаласақ, онда ұлттық тәрбиенің басы бүтін көрініс табуы тиіс-ақ.

Әрбір ырым-тыйымдар бекер айтылмаған, әрқайсысының тәрбиелік мәні бар, оқушылар үшін ереже болып табылады.

Сөзімді қорытындылай келе осы тиымдар мен ырымдарды ұрпақ тәрбиесінде қолдана отырып, біз өскелең ұрпақты ұлтымызға, дінімізге жат әдеттен сақтаймыз. Оларды әдептілікке, үлкенді сыйлай білуге, кішіпейілділікке тәрбиелейміз. Өзге елдің озық тәрбиесін бала бойына еріксіз сіңіргенше, ұлттық педагогикамыздың қайнар көзі арқылы берген тәрбиеміз қай жерде де өз нәтижесін береді.

Осы себептен ұлттық тәрбиенің ұрпақ тәрбиесі мәселесінде негіздерін өлкетану жұмыстарында тиімді пайдалана білу бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік.



## Наши богатства



**ЯКИМЕНКО Г.А.**

Научный руководитель сборной команды юных геологов ЗКО «Сармат», почетный геолог РК, г.Уральск, ЗКО

### *Аннотация.*

*Территория Западно-Казахстанской области большей частью расположена в пределах Центральной калийно-борной провинции Центрально-Прикаспийского геоблока. В Национальном проекте «Устойчивый экономический рост, направленный на повышение благосостояния казахстанцев» особое внимание уделено благородным и редким металлам, а также созданию стратегического «резерва» углеводородного сырья.*

*Юные геологи Приуралья знакомятся с теоретическими основами геологического строения региона и поисками поверхностных проявлений благородных металлов на Шалкаре. А также готовы принять активное участие в открытии минеральных богатств Приуралья.*

### *Аңдатпа.*

*Батыс Қазақстан облысының аумағы үлкен бөлігі Орталық калий-бор аймағында орналасқан Орталық Каспий маңы геоблогының провинциялары. "Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу" ұлттық жобасында асыл және сирек жер металдарына, сондай-ақ көмірсутек шикізатының стратегиялық "қорын" құруға ерекше назар аударылды.*

*Орал өңірінің жас геологтары аймақтың геологиялық құрылымының теориялық негіздерімен, Шалқардағы асыл металдардың беткі көріністерін іздеуді болжаумен танысады. Индер тұз күмбезді құрылымдарында және Каспий маңы минералдық байлығын ашуға белсенді қатысуға дайын.*

**Ключевые слова:** Прикаспийской, благородных, редких, месторождения, отложения, парод.

**П**рикаспийская низменность является огромной рудной провинцией гидрохимического и энергетического сырья, изучение которой длится уже многие годы. Основное направление работ при этом связано с поисками, разведкой и добычей нефти, газа, борно-калийных и магниевых руд.

Одним из наименее изученных промышленных типов месторождений благородных и редких металлов являются осадочные месторождения, гидрохимическое сырье которых, представляет особый интерес в качестве возможной сырьевой базы по извлечению как благородных металлов

- золота, платины, палладия (БМ), так и редких металлов, таких, например, как литий, рубидий, цезий, стронций, ванадий и др. и рассеянных элементов.

В свете последних представлений о глубинном строении Прикаспийской впадины, глубинное строение Прикаспия выглядит следующим образом (рис. 1.).

По глубинным разломам между Восточно-Прикаспийским-Центрально-Прикаспийским и Центрально-Прикаспийским-Волго-Уральским геоблоками возникли тектонически ослабленные зоны, доходящие до мантии, вплоть до архея.

В кунгурское время, видимо, господствовала геодинамическая обстановка интенсивного задавливания Прикаспийской впадины, при которой формировались глубинные (в мантию) разломы – каналы, обеспечивающие усиленный отток мантийных рассолов, где вместе с углеводородами, с натровыми и калийными составляющими из мантии поступали сера (типично мантийный элемент), а также металлы,

в том числе и благородные.

Наиболее изученным является Индерский купол, где в шахте на месторождении 99 в вентиляционном квершлага на отметке 173,3 м впервые в истории изучения галогенных формаций Прикаспийской впадины был вскрыт прослой застывшей вулканической лавы (туфы) с галитовыми прожилками и оторочкой халцедона в каменной соли (Диаров, 2012 г.).




Рис. 1. Геолого-геофизическая информация о глубинном строении и нефтегазоносном потенциале Прикаспийской впадины (к проекту «Евразия», из открытых источников)

В плане Центрально-Прикаспийский геоблок выглядит следующим образом (рис. 2.).

Практически, вся Центральная калийно-борная провинция Прикаспийской впадины находится на территории Западно-Казахстанской области. Здесь на правом берегу р. Урал расположен купол-гигант Сахарно-Лебяжинско-Круглый с западным дериватом Санкебайский. На левобережье выявлены купола-гиганты Челкар (самый крупный), Сатимола и Индер (на границе с Атырауской областью).

Благородные и редкие металлы

Группа уральских и московских ученых, геологов и технологов под руководством А.Ф. Сметанникова (Институт горного дела Уральского отделения РАН, г.Пермь) открыла в солях Верхнекамского месторождения калийных солей (далее - ВКСМ) благородные металлы (табл. 1).

Рис. 2. Схема зонального распределения борных оруденений борно-калийных солей Центральной калийно-борной провинции и место расположения некоторых бороносных и калиеносных структур Прикаспийской впадины и Южно-Предуральского прогиба. Составил М. Диаров, 2012 г.



Условные обозначения:

- 1 - структура продуктивных пород;
- 2 - зональные (внешние) распределения борных оруденений;
- 3 - то же, внутренняя зона;
- 4 - граница Центральной калиеносной борной провинции



Таблица 1

 Потенциальные запасы Au, Pt, Pd в соляной продуктивной толще  
 Верхнекамского месторождения калийно-магниевых солей

№ п/п	Типы солей	Разведан-ные запасы солей, млрд. т	Коли-чество нераст. остатка, млн. т	Содержание в нераст. остатке Au+Pt+Pd, г/т	Потен-циальные запасы Au+Pt+Pd, т
1.	Сильвиниты	14,138	494,83	11,8	5838
2.	Карналлиты	4,129	115,61	41,8	4832
3.	Каменная соль	31,589	347,48	2,3	729

Был сделан вывод, что вся соляная толща Верхнекамского месторождения является носителем благородных металлов, а потенциальные запасы золота, платины и палладия месторождения сопоставимы со сверхкрупными месторождениями этих металлов

Прикаспийский бассейн по площади многократно (в 58 раз) превышает Верхнекамский бассейн (ВКСМ), который явился «родиной» этой идеи. Поэтому запасы Прикаспия должны также многократно превышать разведанные запасы сырых солей продуктивной толщи ВКСМ (порядка 50 млрд. т). Общая масса солей Прикаспийской впадины превышает запасы солей продуктивной толщи ВКСМ в 29-38 тысяч раз!

Далее приводятся результаты определения содержания благородных металлов (БМ) по немногочисленным пробам, отобраным на солянокупольных структурах Челкар, Сатимола, Индер (табл. 2).

Таблица 2

 Результаты анализов проб с соляных куполов Прикаспийской впадины  
 (масс-спектрометрия с индукционно связанной плазмой)  
 (по Б.С. Зейлику и Г.А. Шевелеву, с примечаниями)

№ проб	Привяз-ка	Состав проб	Содержание, ppm								
			Au	Ag	Pt	Pd	Rh	Ru	Ir	Os	Re
Челкар											
24	скв. 334, гл. 229 м	гипсо-ангидри- товая порода	0,1	0,009	0,005	0,07	0,08	0,009	0,006	0,0005	0,0003
9	скв. 338, гл. 636 м	полосчатая мелко-зернистая соль	0,15	0,16	0,30	0,85	0,02	0,02	0,013	<0,0001	0,0001

Примечание:

Li - скв. 49, гл. 200 м (в гипсах сульфатной толщи) 0,3-1,0 %; обычно <0,02 %;

Rb - скв. 44, инт 1043-1059 м (карналлитовые породы) 0,174 %; обычно 0,01-0,02 %;

Cs - в ряде скв. соляной и сульфатной толщ 0,05 %;

Редкие земли - скв. 44, инт. 262-276 м, (в соляной толще), 0,25 %;

Sr – незначительные включения целестина и стронционита в соляной и сульфатной толщах кунгура;

Vr – запасы C<sub>2</sub> - 731 тыс. т, прогнозные ресурсы - 10397 тыс. т

Сатимола											
20	скв. 38, гл. 457 м	серая средне- зернистая каменная соль	0,18	0,38	0,010	0,16	0,17	0,071	0,002	0,001	0,0002
	скв. 38, гл. 1000 м	серая средне- зернистая каменная соль	0,27	0,025	0,005	0,07	0,04	0,008	0,0002	0,0002	0,0002

Примечание: «содержание Au в первичных солях 30-40 г/т+ Os 20-30 г/т; в нерастворимом остатке солей (есть только одна проба) – 190 г/т! Именно тот материал, который слагает гипсовые шляпы» (письмо Б.Е. Милецкого к В.В. Юришу, Ю.Г. Шелудяков, 2012 г.)

Vr - (калийные соли) – запасы C<sub>1</sub>+C<sub>2</sub> - 341,03 тыс. т, прогноз - 487,1 тыс. т;

- (бороносные соли) – запасы C<sub>1</sub>+C<sub>2</sub> - 108 тыс. т,

Индер											
1-3	шахта	массивная серая кам. соль	0,1	0,11	0,52	0,28	0,03	0,011	< 0,00001	< 0,00001	0,008
1-4	шахта	массивная серая кам. соль	10,7	0,35	0,03	0,25	0,03	0,06	0,035	0,018	0,0065
2-3	карьер	крупно-крист. соль	2,5	0,062	0,17	0,09	0,01	0,005	0,0014	0,00045	0,0006
16	скв. 5981, гл. 27 м	массивная серая соль	1,1	0,17	0,05	0,05	0,06	0,005	0,00015	<0,0001	0,0009
23	скв. 8802, гл. 153 м	серая средне-зернистая соль	0,1	0,009	0,05	0,07	0,08	0,009	0,06	0,0005	0,0003
13-2	скв. 8829, гл. 260 м	светло-серая полосчатая соль	0,71	0,017	0,0024	0,03	0,07	0,009	0,05	0,003	0,0008
22	скв. 5978, гл. 300 м	серая средне-зернистая соль	0,06	0,094	0,001	0,05	0,03	0,03	0,002	0,0004	0,006

Примечание: Au (в первичных солях); промышленным считается содержание Au 2 г/т, а в случае значительных объемов, бортовое содержание снижается до 0,5 г/т.  
Из 7 имеющихся проб, в 57 % проб содержание Au >0,7 г/т

В настоящее время в связи с мировым переходом к «зеленой» энергетике, для лития характерен быстрый рост цены, объемов потребления и, соответственно, объемов добычи. По аналитическому заключению Израильского исследовательского центра (П.Г. Кудрявцев, Н.П. Кудрявцев, Израиль, 2018 г.), «повышенное содержание лития наблюдается, прежде всего, в хлоридно-натриевых, хлоридно- и сульфатно-калиевых образованиях». Именно таким хлоридно-натриевым и сульфатно-калиевым палеобассейном является Прикаспийская впадина. Этими аналитиками выяснено, что при массе хлоридно-калиевых солей  $1,6 \times 10^{17}$  тонн, запасы лития составляют  $7,4 \times 10^{12}$  тонн. «Общая масса солей Прикаспийской впадины, по расчетам геофизиков, составляет  $1,5-2,0 \times 10^{15}$  (полтора-два миллиарда) тонн» (Б.С. Зейлик, 2012 г.), т.е. 1 % от общемировой массы. Возможные ресурсы лития Прикаспия (категория  $P_1$ ), по самым грубым подсчетам, пропорционально составят  $(6,9-9,2) \times 10^{10}$  тонн. Из них четверть (по площади) приходится на Центральную калийно-борную провинцию. Из-за возникшего спроса, цена тонны лития в августе 2022 года поднялась до \$79 тыс. (против \$10 тыс. в августе 2021 года и \$3,7 тыс. в 2018 г.). К тому же, на куполе Челкар в гипсах сульфатной толщи работами прошлых лет обнаружен литий с ураганным содержанием 0,3-1,0 %.

Помимо огромных запасов лития, по мнению доктора геолого-минералогических наук, профессора НАН РК Б.С. Зейлика «Возможно выявление нового генетического типа месторождений благородных и редких металлов – по аналогии с Верхнекамским месторождением

калийных солей (ВКМКС)».

«Практически на всех куполах в их сводовой части, непосредственно на соляном зеркале, залегают элювиальные отложения, представленные нерастворимыми компонентами соляной толщи, в основном гипсами и галопелитами мощностью до 50 м. Эти образования, получившие название гипсовая шляпа (в английской терминологии саргок) есть ни что иное, как тот же нерастворимый остаток шлама, аналогичный техногенному шламу, в котором концентрируются благородные металлы на Верхнекамском месторождении.

Таким образом, гипсовую шляпу можно рассматривать как природное шламохранилище в твердой фазе, представляющее собой потенциальное месторождение благородных металлов элювиального типа, образовавшееся при естественном размыве соляной толщи» (Б.Е. Милецкий, 2006 г.); «... речь может идти о возможном существовании в границах Прикаспийской впадины бассейна благородных металлов галогенной формации, носителями которых являются калиеносные соляные купола с размещением золотоплатиноидного оруденения в них на двух уровнях: первый – в элювиальных отложениях гипсовых шляп в сводовой части куполов выше соляного зеркала и второй – в первичных солях куполов» (Б.Е. Милецкий, Ю.Л. Шелудяков, 2012 г.).

В справочнике «Россыпи золота Казахстана» (Х.А. Беспаяев и др., А-А, 1999 г.) отмечено, что «в пределах Западного Казахстана единственно неизученными оставлены прибрежно-морские россыпи».

**Продолжение следует**



**АКИМОВА М. П.**  
Учитель КГУ ОШ №32  
педагог-эксперт,  
г.Уральск, ЗКО

## Роль национальных игр в физическом и духовном воспитании ребенка



### Аннотация

В данной статье рассматривается очень острая на данный момент проблема современного общества, и в частности детей школьного возраста - гиподинамия, напрямую связанная с использованием гаджетов и низкой социализацией. Основная цель статьи - изучение и внедрение в процесс урока физкультуры казахских национальных подвижных игр, которые не только способствуют укреплению здоровья детей, повышению их активности и работоспособности, но и формируют уважительное отношение к культуре родной страны, развивают патриотические чувства: любовь и преданность Республике Казахстан. Именно игровой формат обучения способствует быстрому вовлечению детей в процесс занятия, повышает интерес к происходящему на уроке физкультуры, несомненно благоприятно влияет на достижения результата. В статье прослеживается еще одна важная мысль: использование в уроках подвижных игр не только благоприятно влияет на общее физическое состояние детей, но и способствует улучшению настроения, эмоциональному подъему, повышению интереса к учебе, возникновению коммуникативных связей между учениками, улучшению общей социальной обстановки в школьном коллективе.

### Аңдатпа

Мақалада қазіргі қоғамның және мектеп жасындағы балалардың өте өткір проблемасы - гаджеттерді қолдану мен төмен әлеуметтік жағдайға тікелей байланысты гиподинамиясы қарастырылған. Мақаланың негізгі мақсаты-балалардың денсаулығын нығайтуға, олардың белсенділігі мен жұмысқа қабілеттілігін арттыруға ықпал етіп қана қоймай, туган елдің мәдениетіне құрметпен қарауды қалыптастыратын, патриоттық сезімдерді туган жеріне деген сүйіспеншілік пен адалдықты дамытатын қазақтың ұлттық қимылды ойындарын зерделеу және оны дене шынықтыру сабағына енгізу. Бұл балалардың сабақ процесіне тез қатысуына ықпал ететін, дене шынықтыру сабағында болып жатқан оқиғаларға қызығушылығын арттыратын, нәтижеге қол жеткізуге жағымды әсер ететін оқытудың ойын форматы. Мақалада тағы бір маңызды ой бар: қимылды ойындарды сабақтарда қолдану балалардың жалпы физикалық жағдайына жағымды әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар көңіл-күйдің жақсаруына, эмоционалдық көңіл-күйдің жоғарылауына ықпал ету.

**Ключевые слова:** игра, здоровье детей, казахские национальные игры, развитие физических качеств, двигательная активность, патриотизм.

**В**сем хорошо известно, что проблемой, выросшей в наши дни до глобальных размеров, является недостаточная двигательная активность детей. Примерно у 85% всех слабо успевающих учеников главная причина отставания в учебе - плохое состояние здоровья.

Скрытые, замаскированные детской живостью, подвижностью недомогания и заболевания сердечно-сосудистой системы, дыхательных путей, желудочно-кишечного тракта часто являются не болезнью, а отклонением от нормального состояния здоровья. В настоящее

время большинство детей заняты компьютерами. Чрезмерное увлечение гаджетами приводит к малоподвижному образу жизни, ограниченному пребыванием в помещении. И, как следствие, гиподинамия, ухудшение зрения, социальная изолированность и снижение качества жизни в целом. Недаром говорят, что первооснова полноценной жизни – здоровье. Единственным радикальным «лечением» в таких случаях является физическая закалка.

Быть в движении - одно из важных условий урока физкультуры. Дети любят бегать, играть. Игра органически присуща детскому возрасту и при умелом руководстве способна творить чудеса. Словно волшебная палочка, игра может изменить отношения детей к тому, что кажется им порой обычным, скучным, надоевшим. Подвижными играми можно заниматься не только на больших спортивных площадках, но и в небольшом помещении, они не требуют дорогостоящего инвентаря, специальной технической подготовки и имеют несложные правила, доступные детям всех возрастов. Игра способствует развитию и формированию положительных качеств личности ребенка

В период самоидентификации и становления личности любая причастность к культуре и традициям народов очень своевременна и результативна. Одним из мощных воспитательных инструментов на уроках физической культуры является использование народных игр.

Казахские национальные игры - неотъемлемая часть интернационального, художественного и физического воспитания школьников. Радость движения сочетается с духовным обогащением детей. У них формируется устойчивое, заинтересованное, уважительное отношение к культуре родной страны, создается эмоционально-положительная основа для развития патриотических чувств: любви и преданности Республике Казахстан. Здоровье нации зависит прежде всего от его культуры. Каждый народ обладает богатейшим историческим опытом идей и традиций в области воспитания. Сюда относятся и традиционные игры и упражнения, имеющие закономерную связь с природой, географическим положением, климатическими условиями, местом проживания. Каждое следующее поколение пользуется этим наследием и еще более обогащает его. В последнее время наблюдается интенсивное взаимоотношение национальных культур,

связанное с территориальным перемещением людей разных профессий и национальностей. Дети разных национальностей, посещая школы и различные детские учреждения, повседневно общаясь, играют в разные игры, поют, танцуют, внося в свою деятельность элементы национальной культуры. По содержанию все национальные игры классически лаконичны, выразительны и доступны ребенку: «Кім жүйрік?», «Қаршығалар мен қарлығаштар», «Сықырлы таяқ», «Тақия тастамақ», «Орамал», «Түйме алу», «Ақсүйек». Эти игры я применяю практически на всех уроках, проходящих по разделу «Национальные игры». И каждый урок стараюсь с ребятами разучить новую игру, они с большим удовольствием принимают активное участие, вживаются в роль того или иного персонажа, тем самым развивая прежде всего ловкость, смелость, быстроту, силу, выносливость.

Подвижная игра вызывает активную работу мысли, способствует расширению кругозора, уточнению представлений об окружающем мире, совершенствованию всех психических процессов, стимулирует переход детского организма к более высокой ступени развития. Все свои жизненные впечатления и переживания дети отражают в условно-игровой форме, способствующей конкретному перевоплощению в образ. Во время игры удается включить всех учеников в коллективную деятельность. Хорошо организованные подвижные игры оказывают благоприятное влияние на рост, развитие и укрепление костно-связочного аппарата, мышечной системы, на формирование правильной осанки, активизируют деятельность сердца и легких, повышают их работоспособность, улучшают кровообращение и обмен веществ в организме, содействуют закаливанию, способствуют развитию внимательности, сообразительности, смелости, интеллекта и всех физических качеств, а коллективные игры - воспитанию дружбы и товарищества. Широкое применение подвижных игр и физических упражнений необходимо также в целях преодоления неблагоприятного влияния гиподинамии. Чем больше ребенок производит движений в течении дня, тем больше у него образуется новых условно-рефлекторных двигательных актов, ускоряющих овладение новыми движениями, а это успокаивает нервную систему, снимает напряжение, создает бодрое, жизнерадостное настроение, что



способствует повышению работоспособности, успеваемости школьников. Игра оказывает большое воздействие на формирование личности. Это такая сознательная деятельность, в которой проявляется и развивается умение анализировать, сопоставлять, обобщать и делать выводы. Занятия играми способствует развитию у детей способности к действиям, которые имеют прикладное значение в повседневной практической деятельности.

В нашей школе традиционно проводятся национальные игры, приуроченные к празднику «Наурыз». Учащиеся соревнуются между собой, каждый старается показать свою сноровку в применении казахской национальной атрибутики. Помимо спортивных мероприятий мы также проводим конкурсы среди девушек в знание особенностей казахской национальной кухни.

Оздоровительный эффект, достигаемый при проведении национальных игр, тесно связан с положительными эмоциями детей, возникающими в процессе игровой деятельности и благотворно влияющими на психику ребенка. Эмоциональный подъем (радость, удовольствие, приподнятость, воодушевление) создает у детей повышенный тонус всего организма. Стремление детей к достижению общей для всех цели выражается в ясном осознании задачи, в лучшей координации движений, более точной ориентировке в пространстве и игровых условиях, в ускоренном темпе выполнения заданий. При такой увлеченности детей и захватившей их радостной устремленности к достижению цели повышается роль воли,

помогающей преодолевать различные препятствия. Такая активная двигательная деятельность тренирует нервную систему ребенка, совершенствуя и уравнивая процессы возбуждения и торможения. Все это содействует воспитанию наблюдательности, способности ориентироваться в изменяющихся условиях окружающей среды, находить выход из создавшегося положения, быстро принимать решение и приводить его в исполнение, проявлять инициативу, выбирать самостоятельно способ достижения цели.

Игра является увлекательным феноменом общечеловеческой культуры, ее источником и вершиной. Ни в каких других видах деятельности человек не демонстрирует такого самопознания, как в игре. Игра - это не просто развлечение, в ней находит свое отражение история народа, его духовная культура, в процессе игры происходит передача социально накопленного опыта народа, обычаев, традиций и обрядов. Игра способствует развитию и формированию положительных качеств личности ребенка.

#### Список использованных источников:

1. Төтенаев А. Г. Казахские национальные и спортивные игры. Алматы, 1995
2. Узакбаева С., Айтпаева А. Казахские народные детские игры. Алматы
3. Сағындықов Е. Казахские национальные игры. – Алматы: Рауан, 1991
4. Казахская ССР. Краткая энциклопедия. Том 3.- Алматы, 1990
5. Источники интернета



## Шанақтан шыққан шалқар күй

(Қазақтың ұлы күйші – композиторы  
Құрманғазы Сағырбайұлының  
шығармашылығына арналады)



**ГУБАШЕВА А.Р.**  
Х.Есенжанов атд. ОБЖ  
кітапханасы, Өнер жөніндегі  
әдебиеттер бөлімінің басшысы,  
Орал қ. БҚО

**Қ**ұрметті бүгінгі музыкалық сағатымызға шақырылған оқушылар бүгін сіздерге қазақ халқына яғни бүкіл елге танымал Күйші Құрманғазы Сағырбайұлының өмір жолымен, шығармашылығымен, күйлерінің тарихымен танысамыз. Музыкалық сағатымыздың бастамас бұрын жұмбақ жасырайын.

### Жұмбақ шешу

Үш қызық, екі желі, тоғыз нокта,  
Теңселіп тербеледі адам соқса.

Шешен тіл, сөзге жүйрік болғанымен,  
Не пайда, үндемейді адам жоқта. /Домбыра/

### Жұмбағымыздың шешуі, әрине қазағымыздың қара домбырасы.

Домбырам, жүрегіммен үндес едің,  
Сенімен сырласымдай тілдесемін.  
Бабамнан қалған мұрам сен болмасаң,  
Өнердің не екеін білмес едім.

Ұлы күйші, дарынды сазгер – Құрманғазы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей хандығына қарасты Жиделі деген жерде 1823 жылы дүниеге келген. Әкесі Сағырбай – бүкіл өмірін байлардың малын бағумен өткізген адам. Құрманғазының анасы Алқа елге сыйлы, еті тірі адам болған. Алқаның ағалары шетінен домбырашы екен. Ол нағашыларына тартып домбырашылық өнермен айналысады. Бөкей хандығына жайылған Ұзақ деген күйші ауыл – ауылды аралап, «кішкентай күйші бала бар» дегенді естіп, Сағырбайдың үйіне келеді. Күйші Құрманғазының домбыра тартқанына сүйсініп, болашақ талантын аңғарып, ақ батасын

береді. Отызыншы жылдардың аяғында Құрманғазының алғашқы шығармашылық дәуіріне жататын күй – «Кішкентай». Патша өкіметіне қарсы көтеріліске Исатай Құрманғазыны «Сен әлі кішкентайсың» деп, қасына ертпейді. Сол кезде бұл күй «кішкене інісінің үлкен ағасы Исатайға арнауы» деп аталған. Күйдің «Кішкентай» деп аталу себебі осы. Құрманғазы өзінің күй шығарудағы қадамын осылай бастаған.

### «Кішкентай» күйі орындалады.

- Күй атасы Құрманғазының біздің өмірімізден алатын орны ерекше, Құрманғазы күйлерінен қазақ жерінің тіршілік – тынысын, халқымыздың күш – қуатының сырын ұғынамыз. Оның «Сарыарқа», «Балбырауын», «Серпер», «Адай» күйлері музыкалық мәдениетіміздің символына айналып, қазақ халқының Отанға деген ұғымын білдіреді.

Жасынан адам екен өнері өскен,  
Жүлде алған талай жолда ерегістен.  
Ойлаған, бастан кешкен өмір кебін,  
Халыққа домбырамен, күймен кешкен.  
Қарсы боп бай – төреге бала жастан,  
Тайынбай дұшпанымен қарсыласқан.  
Сыры бар небір терең күйлерінде,  
«Сарыарқа», «Қызыл қайың», «Кісен ашқан».  
«Сарыарқа» күйін Құрманғазы атамыз өзінің туып – өскен жері, Жайық бойындағы Сарыарқаның табиғатына арнайды. Ұлы сазгер қазақтың дарқан даласында жақсы – жаңа заманды аңсайды. Біз күйден «дарқандық, еркіндікке ұмтылғандық» сарынды көзге елестетеміз.

**«Сарыарқа» күйі орындалады.**

- Әлеуметтік теңсіздікке қарсы күресу Құрманғазы шығармашылығының негізгі өзегі болып табылады. Ол айналада болып жатқан өзекті оқиғаларды өз күйлерінде шынайы бейнелейді. 1868 – 1869 жылдары патша реформасына қарсы Маңғыстау аймағында он мыңдай адайлар бірігіп, қарсы көтеріліске шығады. Осы көтеріліс халықтың рухын көтеріп, жарқын болашақты елестетеді. «Адай» - күй кейпіндегі ерлік, күрес, атшабыс, еркіндік ұраны болып табылады.

**«Адай» күйі орындалады.**

Мұңдасы көшпелі елдің қиялдасы,  
Ал, тебірен, ақ сақалды күй атасы  
Келеді сені тыңдап баяғыдан  
Өлкенің өзен, тауы, қия тасы. /Х.Ерғалиев/

Дарынды күйші болғандықтан оны көре алмайтын, қызғанатын адамдар көп болды. Үстем тап өкілдері Құрманғазыны ұры, қарақшы деген атпен талай рет Орал, Орынбор түрмелеріне жабады. Тағы бір жалған жаламен Құрманғазыны түрмеге алып бара жатқан кезде анасы «Мен тәртіпті ұл өсірдім десем, жасық неме екенсің ғой» деп, шапалақпен ұрып жібереді. Осы сәтте Құрманғазы анасын аяп, қоштасар сәтінде «Қайран шешем» күйі туады.

**«Қайран шешем» күйі орындалады.**

Сөйтіп Құрманғазының аяқ – қолын байлап тастап арба үстіне лақтырып тастайды ғой. Айнала тым – тырыс. Темір дөңгелек ағаш арбаға соқтығысып келе жатады. Ауыр ойды арбаның соғуы бұзып жібереді. Сол кезде «Арба соққан» күйі шығады.

Түрмеде Лавочкин деген орыс адамымен танысып, достасады. Досына арнап «Лаушкен» деген күйін арнайды. Қолын кісен қажаған Құрманғазы қолынан кісені босағанда «Кісен ашқан» күйі жарық көреді. Түрмеде қалуға болмайтынын біліп қашуға әзірленіп жүріп «Ертең кетем» деген күйін шығарады. Сонымен, айласын тауып түрмеден қашып шығады. Түрмеден құтылғанына қуанған Құрманғазы «Түрмеден қашқан» күйін жарыққа әкеледі. Артынан қуғыншылар қуғанын байқап қалып үлкен жарға келіп тығылады. Жаудан құтқарып қалған жарға «Қызыл жар» деген күй арнап кетеді. Әбден шаршаған Құрманғазы ауылдан бір шетіндегі үйге кіреді, Құрманғазыны бір қыз қарсы алып, шаршап келгенін біліп, қаймақ құйып шай береді. Қыздың құйған шайы ұнап «Балқаймақ» күйін арнайды. Құрманғазы ауыл – ауылды аралап, аты елге жайылып кетеді.

Құрманғазының барлық күйлерінің өзіндік шығу тарихы бар.

Музыка зерттеушісі және композитор Ахмет



**Оркестр жетекшісі Данияр Таңатаров, Оркестрдің көмекшісі Асетова Тогжан Асетовна**

Жұбанов Құрманғазының күйлерін бірнеше рет оркестрге түсіріп орындатқан. Құрманғазы жөнінде мақалалар, кітаптар жазған адам. Отызыншы жылдардан бастап ол күйшінің туған, өскен, жүрген жерлеріне барып, оны көрген, бірге болған және күйлерін үйренген адамдармен сөйлесіп, көптеген деректер жазды. Құрманғазы туралы архивтерден материалдар жинай бастады. Қазақстан, Мәскеу, Ленинград кітапханаларынан Құрманғазы туралы деректерді тауып, олардың бірқатарын баспасөз беттеріне жариялады.

#### Қойылатын сұрақтар:

1. Құрманғазы нешінші жыл дүниеге келді?
2. Құрманғазының туған жері?
3. Құрманғазының әкесінің аты?
4. Құрманғазының шешесінің аты?
5. Құрманғазының күйлерін атаңыз?
6. Құрманғазының алғашқы күйін атаңыз?
7. Құрманғазының шешесіне арнап шығарған күйдің аты?
8. Абақтыдан қашып шығуын баяндайтын күйі?

Пайдаланған әдебиеттермен таныстыру, кітап көрмесіне шолу жасалады.

#### «Балбырауын» күйі орындалады.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне» келетін болсақ, қандай заман, қандай қоғам

өтсе де Құрманғазы есімі жұлдыздай жарқырай бермек. Ол қазақ деген халықтың жұлдызы. Төл перзенті. Ол мәңгі бақи халқының сүйіктісі боп қала береді деп, сөзімізді түйіндейміз.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А. Құрманғазы күйлері қалай шыққан? А.,Өнер, 1993.
2. Жұбанов А. Ғасыр пернесі. Алматы, 2002.
3. Құрманғазы. Күйлер. Алматы, Өнер, 2005.-192 бет.
4. Құрманғазы. Күйлер. Алматы, Білім, 2005.-216 бет.
5. Күй атасы – Құрманғазы. //Тәрбие құралы, 2007.- №3
6. Құрманғазы – халық кегінің күйшісі. // Музыка әлемінде, 2008.-№2
7. Күй атасы – Құрманғазы.//Музыка әлемінде,2007.-№5-6.
8. Құрманғазы күйлерінің тағылымы // Музыка әлемінде, 2004.- №4.
9. Құрманғазы. Жинақ: Ұлы күйшінің өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер, естеліктер, жаңа деректер, мақалалар.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы»,1998.-544бет.
10. Дина, Құрманғазы – қазақтың ұлы күйшілері. //Музыка әлемінде, 2005.- №2.
11. Құрманғазы Сағырбайұлының 175 жылдығына арналған деректі фильм «Кісен ашқан».



Д. Нұрпейсова атындағы БММ 2 филиалы






## Туристік алау және оның түрлері












**СӘБИТ К.Ы.**  
Аудандық оқушылар үйінің  
ҚББП-гі, «Жас саяхатшы»  
үйірмесінің жетекшісі,  
Темір ауд., Ақтөбе обл.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	-Туристік қызметтің белсенділігін арттыру. - Туристік тұрмыс дағдыларын, икемділіктерін дамыту, табиғатпен байланыс, топсеруенмен саяхаттарға шығу жағдайларын үйрету. -Туристік алау түрлерімен таныстыра отырып, өз бетінше оларды таңдауға және құра білуге дағдылау.
Сабақтың әдіс-тәсілдері	Терапия, «Дүрбі» әдісі, «доп ойнайық», «Бинго», «Спиннер whell», «Кубоктар» «Whatsapp» әдістері
Пәнаралық байланыс	География
Көрнекіліктер	Күрек, қиыршық тастар, мосы, ағаштар, аңшылық шырыпы, компьютер, АКТ дағдылары қолданылады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сәлемдесу</li> <li>- түгендеу</li> <li>- оқушыларды сабаққа әзірлеу, сыныптағы психологиялық ахуалды қалыптастыру</li> <li>- тақырыпты ашу.</li> </ul>  <p><b>Алау жағу барысындағы қауіпсіздік ережелері:</b> Алау ағаштардан және шатырдан 5-8 метр қашықтықта желден қорғанған орында орналасуы керек. Егер ескі алау орны болса соны пайдаланған жөн. Алау орны қазылып айналасы шым тастармен қоршалады. Алауды жаққанда өрт қауіпсіздігі ережесін есте сақтау қажет.</p>	<p>Оқушылар мұғаліммен би іс-қимылдар арқылы амандасады</p> <p>Дүрбіге жаңа тақырып жасырылады.</p> <p>Оқушылар дүрбіге қарап жасырылған сөзді оқып, жаңа тақырып ашылады.</p>	<p>Психологиялық ахуал.</p> <p>Оқушылар дүрбіге қарап жасырылған сөзді оқып, жаңа тақырып ашылады.</p>

<p>Ортасы</p>	<p><b>Мұғалім туристік алауды жағуға қажетті құрал-жабдықтармен таныстырады:</b> Алау орнын дайындау үшін жер қазуға арналған туристік жиналмалы күрек, алау айналасын қоршауға арналған қиыршық тастар, металдан дайындалған үш аяқты жиналмалы бағаналар, арнайы туристік-аңшылық шырпы, тамыздық, тамақ дайындайтын ыдыстар, өрт қаупі туындаған жағдайда сөндіретін құм немесе су.</p> <p><b>Мұғалім оқушыларға алаудың түрлерімен таныстырып, құрылымын көрсетеді</b></p> <p>«Камин» алауы: Бұл алау түрі жорықтарда туристер кеңінен қолданатын алау болып табылады. Алау ыстық жалын береді. Бірден бірнеше ыдыс қойып тамақ әзірлеуге және дымқыл киімдерді кептіруге өте қолайлы. Туристердің көңіл көтеру мақсатында пайдалануына ыңғайлы болып табылады.</p>  <p>«Құдық» алауы туризмде кеңінен қолданылатын алау түрі. Бұл алау түрі алау жақсы жанып мол жылу беру үшін пайдаланылады. «Құдық» алауын дайындау үшін ағаш құдық түрінде салынады. Алау ұзақ жанады және тамақ пісіру үшін көп жылу береді.</p>  <p>«Шалаш» алауын дайындау үшін ағаштар шалаш түрінде көтеріңкіленіп салынады. Бұл алау ұзақ жанады жылыту үшін көп жылу бөледі. Алау жақсы жанады және туристік дамылдауда мол жылу беру үшін пайдаланылады.</p>  <p>«Жұлдызша» алауы туристер үшін әмбебап деп мойындалады. □ Оған ботқа пісіруге және төңірегіне кешкі әңгімемен отыруға болады. Бұл алауды дайындау үшін 5-10 дейінгі бөренешіктер жұлдызша түрінде ішке қарай ығыстырылады.</p> 	<p>Оқушылар тақтада шыққан сандардан таңдап, сұраққа жауап береді. Оқушылар тақырыпқа қатысты сөздерді айтып бір-біріне допты лақтырады, келесі оқушы аяқталған әріптен сөз тауып айтады. Спиннерге есімі шыққан оқушы аталған туристік алаудың түрін айтып, құрып көрсетеді.</p>	<p><a href="https://ziatker.kz/docx/bingo_adisi_7168.html">https://ziatker.kz/docx/bingo_adisi_7168.html</a></p> <p><a href="https://infourok.ru/50-adis-tasilder-sergitu-satteri-4589894.html">https://infourok.ru/50-adis-tasilder-sergitu-satteri-4589894.html</a></p> <p><a href="https://spinnе-rwheel.com/">https://spinnе-rwheel.com/</a></p>
---------------	---	---	--

	<p>“Нодья Дабыл” алауы- жорықтар кезінде туристер адасқан жағдайда көмекке шақыру мақсатында дабыл беру үшін қолданылатын алау түрі. Алауды дайындау үшін жуандығы 30-40 см, ұзындығы 2-3 метрлік 2-3 шырша қабығы бірінің үстіне бірі салынып, екі жақ шетінен қазықпен бекітіледі. Тамыздықты төменгі ағаштардың арасына салады, үшінші ағаш түтін тартуды реттейді. Әдетте алау үстіне шайырлы бұта салып қара түтін немесе көк шөп салып ақ түтін шығару арқылы дабыл беріледі.</p> <p><b>1-тапсырма</b></p>  <p>«Доп ойнайық» әдісі</p>  <p>2-тапсырма. «Спиннер wheel» әдісі арқылы оқушыларға тапсырма беріледі</p>  <p>«Whatsapp» әдісі</p>		
		<p>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін ұялы телефон арқылы ватсаптағы «Жас саяхатшы» группасына жібереді.</p>	<p><a href="https://cloud3.college.edu.kz/uploads/940909450802/f60be063bdd3af0.pdf">https://cloud3.college.edu.kz/uploads/940909450802/f60be063bdd3af0.pdf</a></p>
	<p>Кубок арқылы бағалау</p> 	<p>Өз білімдеріне көз жеткізеді. Сабаққа қатысуына қарай оқушыларға кубоктар таратылады.</p>	<p><a href="https://ustaz.kz/materials/word/bagalaydyng_adisteri-138420.html">https://ustaz.kz/materials/word/bagalaydyng_adisteri-138420.html</a></p>
<p>Үйге тапсырма</p>	<p>Тақырыпты оқып, алаулардың құрылымын үйден қайталау</p>		



**ТЕМІРБОЛАТ Ә. М.**  
Ақжайық аудандық  
БЖТО-ның  
ҚББП-і, БҚО

## Жұқа мұздың үстінен өту әдісі




**НУХАНОВА С.А.**  
Ақжайық аудандық  
БЖТО-ның  
ҚББП-і, БҚО



Сабақтың мақсаты	Жұқа мұз үстінен өту әдіс-тәсілдерін таныстыру, құралдарды қолдану, жұқа мұз үстінен өту қауіпсіздік ережелерін, топпен өту және жарақаттанған адамды мұз үстінен өткізу ережесімен таныстыру. Топпен жұмыстануға дағдыландыру.
Пән аралық байланыс	Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық
Құндылықтарға баулу	Бір-біріне жанашыр болу

### Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	«Жақсылық добы» сабақ басында оқушылар аты-жөнін атап бір-біріне допты лақтырып, есімдерінің бірінші әрпінен келетін жылы лебіздерімен қатар сәттілік тілейді. «Логика қайда» оқушыларға тақтадан 3 түрлі сурет көрсетіледі, оқушылар суретке қарап ортақ сөйлем құрастырады. Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.	Жақсылық добын лақтырып бір-біріне есімдерінің бірінші әрпінен келетін тілек пен сәттілік тілейді Суреттерді зерттеп жаңа сабақтың тақырыбын табады		Доп  Сурет
Сабақтың ортасы 32 минут	Топқа бөлу « <b>Qazmath</b> » сайтына оқушылардың есімдері көрсетіледі, 3 топқа бөлінеді  Жаңа сабақпен таныстыру: жұқа мұз үстінен жарақаттанған адамды топпен сақтандыру арқылы өткізуді таныстыру.	Бағдарлама арқылы 3 топқа бөлінеді  Жаңа тақырыпты тыңдайды		Телефон <a href="https://qazmath.net/">https://qazmath.net/</a>

	<p>1) Топтық жұмыс: Жұқа мұз үстінен өту, қауіпсіздік ережелерімен жұмыстану Әр топ жұқа мұз үстінен өту тәсілін түсінгені бойынша таныстыру</p> <p>Сергіту сәті: «Лента» әдісі оқушыларды 2-ден бөліп, қолдарына лента байланады</p> <p>2) Жеке тапсырма QR-code сканерлеу әдісімен тест орындау</p>	<p>Әр топ тапсырманы орындайды</p> <p>Қолдарына байланған лентаны, ешқандай көмексіз шешеді</p> <p>Оқушылар телефондары арқылы сканерлеп тест орындайды</p>	<p>2 жұлдыз, 1 тілек</p>	<p>Интер-белсенді тақта, мұз, мұзтескіш, арқан, карабин, шаңғы, жеке сақтандыру құралдары ыңғайлы киім, аяқ-киім, каска</p> <p>Лента</p> <p>Телефон</p>
<p>Кері байланыс <b>5 минут</b></p>	<p>«Сендвич» тәсілі бойынша сурет тақтаға ілінеді, 1-сабақтан не түсіндім 2-не білгім келеді 3- не түсінбедім</p> <p><b>Feed back “Sandwich”</b></p>  <p><b>1-бөлік</b> – позитивті комментарий, не ұнады;</p> <p><b>2-бөлік</b> – сындарлы сын, не нәрсені жақсарту керек;</p> <p><b>3-бөлік</b> – келешекке арналған комментарий: маған ұнады, бірақ келесі жолы ...</p>	<p>Суретке стикерлерге ойларын жазып жабыстырады</p>		<p>Плакат, стикер</p>
<p>Сабақтың соңы <b>1 минут</b></p>	<p>Үй тапсырмасы- фильм қарау</p>			





## Түркістан өңіріндегі киелі жерлер



**КӨБЕЕВА С. Б.**  
Түркістан облысы Білім басқармасы  
«Облыстық жас туристер станциясы» КММ  
туристік-спорт бөлімінің әдіскері,  
Түркістан қ., Түркістан обл.

Сабақтың тақырыбы	«Түркістан өңіріндегі әулиелі жерлер» Жылаған ата әулиесі, Тоғайлы әулие, Мұқым ата мазараты.
Сабақ негізделген оқу мақсаттары	Түркістан аймағындағы дәстүрлі әулиелі жерлер қоғамымызда ерекше маң ызға ие болып отырғанын анықтау. Оқушының жан – жақты шығармашылықты және рухани құндылықтарды насихаттау арқылы өзінің алдындағы барлық мақсаттарын жүзеге асыру.
Ресурстар	Оқулық, суреттер, қосымша деректер.
Құндылықтарды дарыту	Өткенсіз жаңа тарих жоқ екендігін, өткеніміздің құндылықтарын бағалай білуге және ежелгі дәуірдегі тарихымызды құрметтеуге тәрбиелеу.
Тілдік мақсаты	Айтылым, Тыңдалым, оқылым, жазылым.
Әдіс – тәсілдер	Сұрақ – жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік, рефлексия.
Пәнаралық байланыс	География, әдебиет, тарих.
Сабақтың жоспары	

Басталуы	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Аялы алақан» Мақсаты: Жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту Нұсқаулық: Қатысушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» - сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында қатысушылар дөңгеленіп қолдарын ұстайды)</p>
Жаңа білім	<p><b>Білу және түсіну.</b> <b>Берілген мәтіндерді балалар оқып алады.</b></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">   </div> <p>Жылаған ата - әулие. Түркістан қаласынан 80 шақырымдай жерде. Үңгір аузының биіктігі 3-4 метр болса, ені 9 метрге жете-қабыл, тереңдігі 50 - 60 метрді құрайды. Бұл үңгір тау жартастарының құлауынан пайда болған. Шатқалдан төменірек өзеннің сол жағасында биіктігі 10-12 метр жартаста диаметрі 15 – 18 см қуыстан оқтын-оқтын су атқылап тұрады. Қарнақ ауылынан өтіп, Хазіреті Укаш атаның кесенесінен өтіп, батысқа қарай жүре берсең Жылаған атаның үңгіріне барасың. Көпшілік Кентау қаласынан алпыс шақырымдай қашықтықта, тау бөктерінің ішінде Ақсерке деп аталатын жердегі үңгірді «Жылаған ата» деп атайды. Ерте заманда осы өңірде Құрышхан деген хан болыпты. Өзі сүйіп қосылған жары Шаш (кей деректе Шашты ана) анадан перзент болмапты. Перзентсіз бұл өмірде қызық жоқ екендігіне көздері жеткен екі мұңлық бар дүниесін Алла жолына сарп етіп, Құдайдан бала тілеп, әулие аралап, тентіреп кеткен. Аяқтары жеткен әулиелердің бәрін аралап, «қос дуана» атанып, табандары тозып, Шенгелді әулие деген жерге келіп жетеді.</p>

Осы әулиенің басына түнеген кезде тілектері қабыл болып, Шаш ана құрсак көтереді. Аллаһ тағаланың рахымына, әулиенің шарапатына разы болған қос мұңлық әулие басын паналап, тұрақтап қалады. Айы-күні жетіп босанған Шаш ана бір мес (перделі бала) туады. «Құдайға не жаздық, Құдайдың бұл неғылған сынағы?», - деп еңіреген ата мен ана мәсті арқалап, үш жыл тау кезіп, қаңғып кетеді. Арбаның шайқатылуымен бе, не еңіреп жылаған атаның шыдамсыздығынан ба, әйтеуір, мес үш жылдан соң жарылып кетеді. Жарылған мәстің ішінен бір бала шығады да, ата – анасына қарап: «Сіздер мені жеті жыл арқалап жүруге шыдағандырыңызда мен сіздерге және халыққа құт әкелетін перзент болар едім. Енді мен сіздерге жоқпын, бірақ сіздерге мен ана дүниеде бала боламын», - деп тауға қарай қаша жөнеледі. Ата мен ана тұра қуады. Қуып келе жатқан ата мен анаға бөгет болсын деп таудың бір үлкен қара тасын үш жасар бала көтеріп әкеліп жолға қояды. (Бұл тасты қазіргі қранмен көтерудің өзі қиын). Ақыры ата - анасы қуып жетуге айналғанда бала дәу жұртасқа «Қара тас, жарыл!» - деп айқайлайды. Сол кезде таудан үңгір пайда болып, бала соған кіріп, жоқ болып кетеді. Үңгірдің екі жағына екеуі келіп, баласын шақырып жылап, екі көзден айырылған екен дейді көне аңыз.

Содан әлгі жер Жылаған ата атанған. Қазір үңгірдің жарқабағындағы жылтыр тастан анда – санда сорғалап құйылып, қайта жоқ болатын суды көруге болады. Жылтыр таста пайда болатын бұл суды ел «Атаның көз жасы» дейді. Ал төмендегі бұлақты «Ананың бұлағы» деп атайды. Әулиенің қасиеті де осы жылтыр тастан тамшылайтын суда. Егер барған адам жылтыр тастан құйылып тұрған суды көріп, ішсе немесе жуынса, онда тілегі қабыл болады. Ал егер су жоқ болса, онда қабыл болмағаны деп есептейді.

Аңыз бойынша бұл ата сонда әлі де өмір сүруде. Ел арасында Жылаған ата әулие туралы мынандай да аңыз бар. Бір қойшы өмір сүрген екен. Әйелі екеуі көп жылдар бойы балалы болуды армандапты. Бір күні әйелі жүкті болып тері сияқты дорбаны дүниеге әкеледі. Дорбаға балдары сияқты барынша қарайды. Бір күні қолдарынан дорба түсіп ішінен жеті – сегіз жасар бала шығып тауға қарай жүгіріп кетеді. Ата - анасы оның артынан жүгіреді. Ерекше бала таяқпен жерді жүгіріп бара жатып ұрғанда құдық пайда болыпты. Сол құдықтың суын ішкен ата – анасы әрі қарай баланың соңынан кете барады. Үңгірдің аузына барғанда бала ата – анасының дауысына тоқтап былай дейді: - Алланың еркімен біз бөлек өмір сүреміз, және бір-бірімізді сағынатын болдық. Бірақ бұл Алланың еркі. Бұл сағыныш уақытша ғана. Қандай жағдай болмасын арттарыңызға қарамай елге оралыңыздар! – дейді. Сөйтіп үңгірге кіріп, жоқ болып кетеді.



Ата – анасы көп жылап, еліне қайтады. Біраз жолдан өткен соң шыдай алмай арттарына қарап қояды. Қараса арттарынан таза мөлдір су өзен ағып келеді екен, бұлар қарағандары сол еді, ол сол жерде тоқтап қалады. Балдарын сағынған ата-анасы осы суға қарап өздерін жұбататын болған.

Сол үңгірге барар жолда, таудың биіктігінде құдық орналасқан. 2,5 – 3 м тереңдікте су көрініп тұр. Құдықтың жан-жағында үлкен адам аяғының іздері бар. Құдықтан 6 км қашықтықта Палуантас деген жер бар. Осы жерден Жылаған ата үңгіріне дейін айдап жол түскен. Бұл жол - тасып жатқан су арнасы. Судың деңгейі көтерілген кезде ол астына қарай тамшылап ағып тұрады. Үңгірдің оң жағында кішігірім демалыс орны салынған (тапшан). Қанша ғасырлар өтсе де жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша балдары жоқ ерлі-зайыптылар, осы жерде түнегеннен кейін міндетті түрде балалы болады деген сенім қалыптасқан.

Түркістан өңірінде бұдан басқа да көптеген әулиелі жерлер бар, зерттеулерді қажет етеді. Ал біздегі, көптеген мешіттердің қасиетті орындар мен әулиелерді пір тұтуға деген қарсы көзқарастары мен пікірлері уақыт өткен сайын айқындала түсуде. Ол аз болса жер – жерлерде нағыз мұсылманның әулиелерге табынуына шектеу қою қажеттігі түсіндіріліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында шарият, аят-хадис, діни лекцияларды оқуы негізінде жинақталған тәжірибеге арқа сүйеп, оның қағидаларын басшылыққа алуда. Бұл үрдіске институт ретінде муфтиат белсенді түрде қатысып келеді.

Қазақтың тұрмыс – тіршілігінде исламға дейінгі дәстүрдің қалдық-жұрнақтары өзін діни синкретизм ретінде, тұрмыстық немесе халықтық ислам ретінде көрініп, исламмен әрекетке түсе өзінің өміршеңдігін жалғастырып келеді. Бүгінде қазақи исламды этникалық символдың құрамдас бір бөлігі етіп қарап, дәстүрлі мәдениеттің ажырамас бөлшегі ретінде қайта жаңғыртылуға талпыныс, елдің ұмтылысын оның қазіргі жаһандану заманындағы жұртымыздың өзін ұлт етіп сақтаудағы басты жетістігі деп айтуға болады.

Әулиеге сыйынып емес, оларды сыйлап өскен, сол тақуа жандар арқылы ақиқатты таныған, өзін таныған. Жаратушысын таныған қазақ халқы әулиені зиярат етіп, Құран бағыштайды. Зияратшының ниеті Аллаға серік қосу емес. Ал бұған қайшы іс – әрекет жасап, Алланы ұмытып, әруаққа табынып, тілекті әруақтан сұрап жүргендер болса, олардың іс – әрекеті қазақи дәстүрге, қазақи зиярат әдебіне мүлде қабыспайды. Қазір белгілі бір ағымдардың бел алып, зиярат мәселесінде сауатсыздықтың күшеюіне себеп болып отырғаны мәлім. Адам танымының шатасуы қазіргідей өтпелі кезеңдерде ерекше күшейеді. Елімізде пайда болған сансыз көп діни ағымдардың іс – әрекеті соған дәлел.

<p>Басталуы</p>	<p>Сондықтан олардың басын қарайтып, күніміз түскенде ғана бірдеңе дәметіп түнеумен шектелмей, олар туралы ақпарат жинап, олардың рухани болмысын тануға да әрекеттену керек. Өйткені, олар жөніндегі түсініктердің басым көпшілігі бүгінде естен шығарылған, білетініміз азын аулақ, оның өзінде де өңін адам танымастай етіп өзгертіп алған жарым жан аңыздар ғана. Ал шындығында, қай әулиенің болмасын, аңызының астарында ғасырлардың ғана емес, мыңжылдықтардың сыры жасырулы жатыр. «Аңыз түбі – ақиқат» деп бекер айтпаған дана халқымыз.</p> <p>Тоғайлы әулие. Ежелгі Шаға қорғанының оңтүстігінде Тоғайлы әулиеге зиярат ететін жер бар. Сол жергілікті тұрғындарының деректеріне сүйенсек Ахмет Яссауидің анасының ағасы (нағашы ағасы) болып келеді. Тоғайлы әулие Ахмет Яссауидің жас кезінде, Сайрамнан Түркістанға келгенде, үнемі оның жанында жүріп ақыл кеңесшісі болған.</p> <p>Мұқым ата мазары.</p> <p>Мұқым атаның мазары Қарнақ ауылында жақсы сақталған. Қарнақ ауылының аты алғаш рет Махмуд Қашқаридың «Диуаны лұғат ат түрік» еңбегінде кездеседі. Хашимов М. Деректеріне сүйенетін болсақ Мұқым ата Ахмет Яссауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидің немересі. Мұқым ата Қарнақ ауылына ХҮІ ғ ортасында келген. Бұл әулие туралы аңыз әңгімелер өте көп. Мұқым ата Түркістанға Ахмет Яссауидің басына зиярат ету үшін келеді. Оған бұл өлке өте қатты ұнап қалады. Тіней руынан шыққан ақсақалдарға осы жерде қонуға рұқсат сұрайды. Бұл кезде олар сол жерден арық қаздырып жатқан. Бірақ Тіней руының ақсақалдары рұқсат етпейді. Сонда Мұқым ата ренжіп «арықтарың құмға толсын» деп кетіп қалады. Ертесіне жұмысшылар таң қалады кеше қазған арықтары құмға толып қалған. Мұқым атаның жәй ғана емес екенін білген ақсақалдар артынан ат пен адам жібереді. Мұқым ата Жаңатасқа жақын Қарауңгірге дейін жетіп қалған, алғашында артқа қайтқысы келмеді. Бірақ аттағылар өтініп сұрағандықтан бір шарт қояды: «Мен аттарыңа мінбеймін, арқалап барсаңдар ғана қайтайын» дейді. Мұқым атаны Қарашыққа дорбаға салып арқалап қайтқан деген аңыз бар.</p> <p>Қаландар сопының, Шейх Мухаммед, Шабар баба, Тақия ата, Темір тәйек, Қайридин ата мазарлары да осы Қарнақ ауылында.</p>						
<p>Ортасы</p>	<p>Қолдану.</p> <p>1. Тапсырма «кесте толтыру»</p> <table border="1" data-bbox="407 1059 873 1141"> <thead> <tr> <th>Аты</th> <th>Орналасқан жері</th> <th>Тарихы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>2. Картамен жұмыс.</p> 	Аты	Орналасқан жері	Тарихы			
Аты	Орналасқан жері	Тарихы					
<p>Сергіту сәті</p>	<p>«Заряд алу»</p> <p>Мақсаты: Оқушыны ұқыптылыққа, мұқияттылыққа, сезімталдыққа үйрету</p> <p>Тиімділігі: Ресурс қажет етпейді. Оқушылар ынтымақтасады. Көңілдерін көтереді</p> <p>Қолданылуы: Шаттық шеңберге тұрып бастаушы келесі адам құлағына бір сөз сыбырлайды соңында бастаушыға қайта келгенде сол сөз жету керек, кейін сөзді ауыстырып жіберген адам анықталады.</p> <p>Шаттық шеңберге тұрып бастаушы келесі адам құлағына бір сөз сыбырлайды соңында бастаушыға қайта келгенде сол сөз жету керек</p> <p>Сергіту сәті: «Заряд алу»</p> <p>Мақсаты: Оқушыны ұқыптылыққа, мұқияттылыққа, сезімталдыққа үйрету.</p> <p>Тиімділігі: Ресурс қажет етпейді. Оқушылар ынтымақтасады. Көңілдерін көтереді</p> <p>Қолданылуы: Шаттық шеңберге тұрып бастаушы келесі адам құлағына бір сөз сыбырлайды соңында бастаушыға қайта келгенде сол сөз жету керек, кейін сөзді ауыстырып жіберген адам анықталады.</p> <p>Шаттық шеңберге тұрып бастаушы келесі адам құлағына бір сөз сыбырлайды соңында бастаушыға қайта келгенде сол сөз жету керек</p>						
<p>Сабақ нәтижесі</p>	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.</p> <p>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша ресурстармен жұмыс жасайды.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды.</p>						
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Қорытынды. Рефлексия: Басбармақ.</p> <p>Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың ұғу деңгейін тексеріңіз.</p> <p>Басбармақ жоғарыға қарай - Мен түсінемін.</p> <p>Басбармақ көлденең – Мен түсінгендеймін.</p> <p>Басбармақ төмен қарай – Мен түсінбедім.</p> <p>Үй жұмысы: Қосымша деректер, Ата әжелерінен</p> 						





## Әлемдік жылыну, булану әсері



**ЫСҚАҚ Д. Қ.**  
Ақтөбе қалалық ЖТС-ның  
ҚББП-і, Ақтөбе обл.

### Сабақтың мақсаты:

Білімділік: ғаламдық жылынудың белгілерін анықтау, табиғаттағы кері әсерін талдау және экологиялық проблемалар бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру.

**Дамытушылық:** оқушылардың ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденістерін және танымдық қасиеттерін дамыту.

**Тәрбиелік:** табиғаттағы құбылыстардың, энергияның негізгі көзі ретінде табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Жаңа сабақ.

**Сабақ әдісі:** Түсіндіру, әңгімелеу, практикалық жұмыс, т.б.

**Сабақтың көрнекілігі:** Слайд, видео, ватман, кеспе қағаздар, т.б.

**Сабақ барысы:**

### I. Ұйымдастыру бөлімі

- Сергіту сәті «От, су, ауа» Мұғалім көрсеткен мимикаларды қайталау арқылы, оқушы ой сергітеді.

- Топқа бөлу («Табиғат» тобы, «Ғаламшар» тобы)

Оқушылардың зейінін сабаққа бейімдеу: «ClassTools» (оқушылар Class Tools әдісі арқылы арнайы бағдарламадағы, генератор арқылы 2 топқа бөлінеді)

«Қызықты бағдарлау» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексеру:

1-топқа.

Ауа-райы болжамы видеокөрсетілім көрсетіледі, сол арқылы шартты белгілерді салады.

2-топқа.


Шартты белгілер арқылы, ауа - райы болжамын айтады.

### II. Негізгі бөлім.

«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтатын тілі жоқ».

Бүгінде ғаламшарымыздың бейнесі қандай? Табиғатты қорғай алдық па?

Оқушыларға тақырыпты ашу үшін, фотосуреттер көрсетіледі.



Оқушылар фотосуреттер арқылы өз ойларын айтады.

**Ғаламдық антропогендік әсердің сипаттамасы.**

Адамзат тарихындағы табиғат апаттары әр кез болып келеді. Бүгінде табиғат апаттарынан бөлек, өндірістік газдар әсерінен табиғи апаттар болып жатыр. Соның ішінде өлкемізді алар болсақ. Ақтөбе қаласы жер бедері бойынша шөл, шөлейтті екен. Ауа айналымы өзге облыстарға қарағанда, булану әсері жоғарғы көрсеткіште. Өндірістерден шыққан газ көлемі, Мәскеу, Тұрғын қалашық, т.б шағын аудандарда кең көлемде таралып жатыр. Бұл тұрғындардың тыныс алу жолдарынан бөлек, қазіргі таңда белең алған жүрек талмасы, эпелипсия т.б. ауруларға медицинамыз дабыл қағуда.

**Ғаламдық жылыну себептері.** Қоршаған орта – ауа, су, жер жоғары қарқынмен ластануда. Ауаға көмірқышқыл газының көп мөлшері

шығарылуда, оның жинақталуы жылыжай әсерінің пайда болуына апарып соғады. Неге атмосферада көмірқышқыл газы мөлшерінің арту проблемасы енді өзекті болып отыр? Оны негізгі шығарушыларға қара металлургия кәсіпорындары, отын жануының барлық үдерістері, шіру үдерісі (халық саны артқан сайын малшаруашылығы қалдықтарының мөлшері едәуір артты), орман өрттері, жанартау атқылауы жатады.

<https://youtu.be/TZb-Aik1nSA> видеоролик.

**Экожүйе - ғаламдық жылынды басты бағдары. Табиғаттағы ауа айналымы.**




**Ғаламдық жылыну салдары апатты болуы мүмкін.** Соңғы жылдары Жер температурасы 1°C-қа көтерілді. Ол мұздықтардың тез еріп, дүниежүзілік мұхит деңгейінің көтерілуіне және құрлықтың зор аумағының су басуына апарып соғуы ықтимал. Климаттың жылынып жатқанына ешкімнің күмәні жоқ. Біздің ғаламшарымыз үнемі үздіксіз «ғаламдық климаттық өзгерістер» жағдайында тұр.

Бұл үдерістер лезде жүзеге аспайды, бірақ таудан түсіп келе жатқанда біртіндеп жылдамдық жинап алып, басқарылмай қалатын арба сияқты күшейіп, жылдамдауы мүмкін. Егер жылыну жалғаса берсе, мұздықтар еріп, дүниежүзілік мұхит деңгейі көтеріліп, мұхит ағыстары өзгеруі ықтимал.

Булану әсері деген не?


[https://youtu.be/MgkdmYb\\_vMc](https://youtu.be/MgkdmYb_vMc)



**1 тапсырма: «Vortex Game» зертханалық жұмыс.**

1 топ - Фотосинтез процесі арқылы ауа айналымын талдайды.

1-Топ. Мұз кесектеріне ыстық су құю



арқылы ауа айналымын анықтайды. Табиғаттағы ауа айналымы, тыныс алу. Өкпенің тыныс алуын практикалық сабақта көрсету.

Құрал-жабдықтар: Өкпе суреті, түтікше,

полэтилинді пакет.

Мұз кесектері, ыстық су

2 топ – Көмірқышқыл газының бөлінуі. Булану әсері.



Көмірқышқыл газының оттектегі әсері. Сода мен сірке қышқылы арқылы көмірқышқыл газын анықтау. Шай пакетін ауада жағу арқылы, ондағы қышқылдардың ауада таралымын анықтау.

Құрал – жабдықтар: Сода, сірке суы, май шам, сіріңке, шай пакеттері.

**2 тапсырма: «NEW CENTURY» (Жаңа ғасыр)**

**1. Метеостанция NASA жер серігінің болжамдық тапсырмасы.**

Болашаққа болжам Климаттың әр түрлі моделін жасап, зерттеу 2050 жылы табиғаттың көрінісі. Ауа температурасы, жылу эффектісі, су толқындары, жануарлардың бейімделуі.

**2. Аурухана операциялық бөлім.**

Ауадағы булану әсерінің адам денсаулығына әсері.

2050 жыл шұғыл көмек көрсетілім бөлімі, емделушінің диагнозын табиғи апаттар арқылы анықтау.

**3 тапсырма: «Start Up» әдісі.**

**Дескрипторлар:** Ватман, маркер, стикер, магнит т.б заттар.

Тапсырма: Оқушылар табиғатты қорғау барысында тұрмыстық заттардың экологиялық таза қоспасыз түрін дайындайды. Жоба етіп ұсынады.

Мысалы: Полэтилинді пакет орнына, экосөмкелер қолдану. Қалдықтарды қайта өңдеу т.б

Қорытынды: Видеокөрсетілім. Оқушылар табиғатқа өз тілектерін арнайды.

**Үй тапсырмасы:**

Ақтөбе облысындағы экологиялық аймақтардың ауа температурасын көрсету.



**КУБАЕВ М.У.**  
Т.Жароков атд. ЖОББМ-нің  
география пәнінің мұғалімі,  
педагог-зерттеуші,  
Жәнібек ауд., БҚО

## «Туған өлке» танымдық жарысы



**Мақсаты:** Байқау оқушылардың өз өлкесін, өз Отанын зерттеуге, азаматтық және патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Өз жерімізді еліміздің тарихын білуге өткеніне көз жіберіп тарихи ескерткіштер мен ғимараттардың тарихын білуге үйрету. Оқушы білімін туған жерінің тарихын білумен ұштастыру.

**Көрнекілігі:** Үлестірме тапсырмалар, бейне материалдар, фото суреттер.

### Шараның өту барысы:

#### I. Командалар өздерін таныстыру.

Топтың аты, ұраны, эмблемалары болады.

**II. Артық сөзді табу.** Оқушыларға ауданымыздың көше атаулары жазылған қағаз ұсынылады. Оның ішінде біреуі болады соны анықтап беру, ауданымыздағы ауыл атаулары беріліп соның бірі өзге атау соны анықтап беру, ауданымыздағы сауда орталықтарының атаулары беріліп бірі қате соны анықтау және облыс көлеміндегі аудандар атынан бір аудан аты артық болады соны дұрыс анықтау беріледі.

**III. Блиц турнир.** Әр топ жетекшілеріне 5 сұрақтан тест беріледі, география пәні бойынша алған білімдерін сарапқа сала отырып тез арада жауап беруден білімдері сынға түседі. Әр дұрыс жауап 2 ұпаймен бағаланады. Жалпы 10 ұпай жинайды.

**IV. Сәт сапар.** Әр топқа жеке тапсырмалар беріліп ауданымыздағы ескерткіштер мен ғимараттарға байланысты берілген сұрақтарға жауап бере келіп, жасырын тапсырманы іздеуге кіріседі. Тапсырмалар алдына ала жасырылып

фотоға түсірілген, сол фото қиындысынан құпия тапсырманы табады және құпия қағаздағы тапсырманы әрі қарай орындайды. Бір топқа бір ескерткіш, бір ғимарат берілген. Осы тапсырмаларды орындап, екінші күні фото слайд арқылы мектепте өз жұмыстарын қорғаулары керек. Қорғауға 15-20 минут уақыт беріледі.

### Тапсырма «Артық сөзді табу»

- 01** Ақоба, Ұзынкөл, Тау, Қарасу, Күйгенкөл, Жақсыбай;  
**02** Өтемісов, Мажитов, Абдрахманов, Мусин, Мақатаев, Байтұрсынов;  
**03** Жәнібек, Казталов, Ақжайық, Ақтөбе, Қаратөбе, Жаңақала;  
**04** Нарын, Мәди, Жадыра, Мөлдір, Жазира, Аида.

### «Блиц турнир» сұрақтары

#### I топқа:

- Қазақстан қандай материкте орналасқан:  
А) Африка В) Америка С) Аустралия Д) Еуразия Е) Еуропа
- Көлемі жағынан I орындағы мұхит:  
А) Атлант В) Тынық С) Үнді Д) СМ Мұхиты
- Көлемі жағынан III орын алатын материк.  
А) Африка В) Солтүстік Америка С) Оңтүстік Америка Д) Антарктида Е) Аустралия
- Қазақстан Республикасының солтүстігіндегі ең шеткі облысы  
А) Ақмола В) Павлодар С) Қостанай Д) Солтүстік Қазақстан Е) Атырау
- Қазақстан Республикасының ең биік нүктесі (6995 м.)

А) Талғар шыңы В) Хантәңірі С) Бесбақан Д) Мұзтау Е) Ақсаран

**II топқа:**

1. Жер сілкіну процесін зерттейтін ғылым:  
А) Климатология В) Геоморфология С) Сейсмология Д) Гидрология Е) Астрономия

2. Ең үлкен материк:

А) Антарктида В) Африка С) Еуразия Д) Солтүстік Америка

3. Қазақстанның солтүстігіндегі шекаралас мемлекет:

А) Монғолия В) Ресей С) Қытай Д) Қырғызстан Е) Өзбекстан

4. Ең ұзын өзен:

А) Амазонка В) Ніл С) Ертіс Д) Янцзы Е) Муррей

5. Ең үлкен мұхит:

А) Атлант В) Солтүстік мұзды мұхиты С) Үнді Д) Тынық

**III топқа:**

1. Ең биік тау:

А) Анд В) Тянь-Шань С) Гималай Д) Кордильер Е) Алтай

2. Қазақстан қай мұхитқа тікелей шыға алады?

А) Солтүстік Мұзды мұхит В) Тынық мұхиты С) Үнді мұхиты Д) Атлант мұхиты Е) Қазақстан мұхитқа шыға алмайды

3. Ең биік сарқырама?

А) Анхель В) Виктория С) Ниагара Д) Игуасу Е) Скандиавия

4. Ең үлкен түбек

А) Пиреней в) Арабия С) Үндістан Д) Лабрадор Е) Скандинавия

5. Оңтүстік Америкадағы шөл

А) Намиб В) Виктория С) Атакама Д) Такла-Макан Е) Сахара

**IV топқа:**

1. Ең терең көл:

А) Каспий В) Арал С) Танганика Д) Байкал Е) Ньяса

2. Халқы ең көп мемлекет:

А) Ресей В) Қытай С) Үндістан Д) Жапония Е) Андорра

3. Ең кіші мемлекет:

А) Андорра В) Сингапур С) Ватикан Д) Мальта Е) Солтүстік Американың ең ірі мемлекеті:

А) АҚШ В) Канада С) Мексика Д) Бразилия

5. Панама бұл -

А) Бұғаз В) Канал С) Шығанақ Д) Теңіз

**Сәт сапар тапсырмасы:**

**01** Бұл ғимарат Кеңес Үкіметі кезінде «Комсомолға 50 жыл» атты кинотеатр болған.

Қазір де бұл ғимарат қолданысқа ие. Бұл қай ғимарат? Осы ғимарат маңында құпия қағазды тауып келесі тапсырманы орында.

**01** Бұл ғимарат туралы қысқаша мәлімет беріңдер.

Осы ғимараттың тура оңтүстігіндегі ескерткіштер не үшін қойылған?

3. Осы тапсырмалар бойынша қысқаша мәліметтер жинақтап фото слайд арқылы жұмыстарыңды қорғандар.

**02** Бұл ғимарат Кеңес Үкіметі кезінде асхана болған Қазіргі таңда жеке сауда орталығына айналған. Бұл қай жердегі ғимарат, қазір қалай аталады?

Осы ғимарат маңында құпия қағазды тауып келесі тапсырманы орында.

**02** 1. Сіз тұрған ғимараттан сәл оңтүстік батысқа қарай кімнің ескерткіші орнатылған.

2. Ол адам ауданымызға несімен танымал?

3. Осы тапсырмалар бойынша қысқаша мәліметтер жинақтап фото слайд арқылы жұмыстарыңды қорғандар.

Құпия қағаз

**03** Бұл ғимарат ХХ ғасырдың 80-90 жылдарында халыққа қызмет көрсете отырып, I қабатында шаш қиятын, фотоға түсіретін болса, II қабатында киім тігетін орындар болған. Бұл қандай ғимарат?

Осы ғимарат маңында құпия қағазды тауып келесі тапсырманы орында.

**03** 1. Сіз тұрған жерден батыс бағыттағы кесекөлденең өтетін үшінші көшенің атауын тап.

2. Бұл көше кімнің атымен аталады?

3. Осы тапсырмалар бойынша қысқаша мәліметтер жинақтап фото слайд арқылы жұмыстарыңды қорғандар

**04** Бұл ғимарат орталық алаңның оңтүстігінде орналасқан. Бұрын бұл ғимарат орнында Сельпо болған. Ол бүгінгі таңда бұзылып, орнына жаңа ғимарат тұрғызылды. Бұл қандай ғимарат? Осы ғимарат маңында құпия қағазды тауып келесі тапсырманы орында.

**04** 1. Осы ғимараттың солтүстік шығыс бағытта орнатылған ескерткішті ата.

2. Ол не үшін орнатылған?

3. Осы тапсырмалар бойынша қысқаша мәліметтер жинақтап фото слайд арқылы жұмыстарыңды қорғандар



**КЕНЖЕГАЛИЕВА Г.М.**  
Жаңақала аудандық  
ЖТС-ның ҚББП-і, БҚО.

## Топтық және қоғамдық керек-жарақтар, іріктеу және оларды күту



**Сабақтың мақсаты:**

Білімділік: «Туризм» тақырыбы бойынша оқушыларға ақпарат беріп, білімдерін тереңдету. Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру.

**Дамытушылық:** Туризм тақырыбында сауаттылығын дамытуға ықпал жасау, өз пікірін еркін, жүйелі түрде жеткізуге; шығармашылық

пен ізденіске, зерттеу жүргізуге үйрету.

**Тәрбиелік:** Еңбек сүйгіштікке, тиянақтылыққа және өз бетінше ізденуге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** жарыс сабақ.

**Сабақты өткізу әдісі:** Саяхат жасау, сұрақ-жауап, топтық жұмыс.

**Сабақтың барысы:**

	Сабақтың кезендері	Іс-әрекеттің мазмұны	Күтілетін нәтижелер	Мұғалімнің іс-әрекеттері	Оқушының іс-әрекеттері
1	Ұйымдастыру кезеңі.	Оқушыларды сабаққа дайындау. Мақсатты анықтау.	Сынып пен құрал-жабдықтардың толық дайындығы, оқушылардың іскерлік ырғаққа тез ауысуы. Оқу-танымдық әрекеті, оқушылардың мақсатты қабылдауы мен мотивін қамтамасыз ету.	Мұғалім: Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар! Сабаққа көңіл аударту. Танысу тренингі: Оқушылар алдында тұрған қағазға түрлі-түсті бояумен есімдерін әдемілеп жазып, таныстырады. Психологиялық тренинг: Қайырлы таң, достым! Қайырлы күн болсын! Сәрсенбінің әр кезі Сәттілікке толсын. Біздің алар бағамыз, Кілең бестік болсын!	Тыңдайды, сабақ тақырыбын дәптерге жазады. Психологиялық тренингті жасайды.
2	Тірек білімдерін жандандыру.	Туризм, оның түрлері, пайдасы тақырыптары бойынша негізгі білімдерін тексеру.	Тірек білімдерінің негізінде оқушылардың белсенді оқу-танымдылық іс-әрекетке дайындығы.	Жаңа сөздермен таныстыру. Сұрақ-жауап тәсілін жүргізу: 1. Бұл сөзді тағы басқалай атауға бола ма? Атауға болса қалай атар едің: 2. Бұл тақырып атауын естігенде көз алдына не елестейді? 3. Туризмнің неше түрі бар? (2 түрі бар) 4. Қалай аталады? (ішкі туризм) - ұлттық, (сыртқы туризм) - шетелдік	Тыңдайды, ойланады, сұрақтарға жауап береді. Сөздерді сөз табына бөлу арқылы топтасады. Жаңа сөздерге қатысты тапсырмаларды орындайды.

3	Жаңа білімді меңгеру.	Проблемалық жағдай құру, түсініктерімен бірге демонстрациялық материалды көрсету.	Оқушылардың белсенді іс- әрекеті: білімді игеруде және іс-әрекет әдістерін меңгеруде өзінділікті жоғары дәрежеде қолдану.	Туризм түсінігі «Туризм» түсінігіне жай ғана бір сөзбен жауап беру мүмкін емес. Біреулердің түсінігінше, туризм қолдарына қол шатыр алып, түнгі алау басында ән айтып, адам аяғы баспаған жерлермен жүрілген километрлер болса, ал енді біреулер үшін тарихи жерлерде саяхаттау, олардың болмысы мен тарихын зерттеу, үшінші біреулер үшін шет елдерге саяхаттау түсіндіріледі. Әрине, олардың әрқайсысы да дұрыс пікірде, өйткені, туризм саласы санқилы, жан-жақты құбылыс. Туризм негізінен үлкен екі түрге бөлінеді: <ul style="list-style-type: none"> <li>• ішкі (ұлттық) туризм,</li> <li>• халықаралық (шетелдік) туризм</li> </ul> Туризм ол мәжбүрлілік емес. Жұмыс бабы да емес. Туысының алыс жердегі үйіне қыдырып, қонақ болып, не басқа бір себеппен (тойға, т.б. жерлерге) бару да емес. Ол бос уақыт шығарып, тек қызықтау мен көңіл ашуға, тамашалау мен дем алуға бола, жаңа нәрселерді көруге, басқаша тұрмысты сынақ етуге, тың сезімге бөленуге, қауіп-қатерге тәуекел етуге, өзін басқаша сезінуге деген рухани талап пен талпыныстан туған алысқа аттану.	Сұрақ-жауап әдісін қолданады. Жұппен жұмыс жасайды.
5	Жаңа білімді бекіту.	Шығармашылық танытып, алған білімін қолдана алуға үйрету. Ынтымақтастыққа баулу.	Қолдану деңгейінде жаңа білім мен әрекет тәсілдерін игеруді қамтамасыз ету.	Жаңа сабақ. Оқушылар 2 топқа бөлініп жұмыс жасайды. «Эверест», «Із кесуші». I- аялдама. «Таныстыру». 2 топ өздерін таныстырады. II- аялдама. «Білгіштер». (сұрақ-жауап кезеңі) Карточка арқылы жұмыс. 1. Туристік құрал-жабдықтар? (шатыр, дәрігерлік қобдиша, алау құралдары, қазан-шәйнек, қолшам, жөндеу құралдарының жинағы, балта, күрек, компас, карта, планшет)	Ынтымақтастықта жұмыс жасайды. Өз шығармашылығын танытады.

				<p>2. Бивуак дегеніміз не? (Бивуак француз тілінен аударғанда «қонатын жер» деген ұғымды білдіреді. Бұл туристерге демалатын, тамақ әзірлейтін түнеуге қолайлы аймақ.)</p> <p>3. Жеке туристік құрал-жабдықтар? (коврик, ұйқы қабы, жаңбырдан қорғайтын құрал, қалың киімдер, жұқа киімдер, спорттық аяқ киім, ауыстыратын аяқ киім, бас киім, жеке гигиеналық заттар, сүлгі, кәсе, қасық, пышақ т.б)</p> <p>4. Спорттық бағдарлауға қандай құралдар қажет? (карта, компас т.б) III-аялдама.</p> <p>1. Медициналық қобдиша тізімін ажырату. (Стерилді бинт, эластикалық бинт, мақта, лейкопластер, калий перманганаты, йод, жасылша, нашатыр спирті, сутегі асқын тотығы, ношпа, жгут, градусник, анальгин, жүрек ауруының дәрілері, іш ауруы дәрілері т.б)</p>	
6	Сабаққа қорытынды жасау .	Өтілген материалды талқылау және оның мәні.	Оқушылардың өтілген материалды ұғынуы.	Оқушылардың жауаптарын тыңдайды және түсініктеме жасайды..	Алған білім негізінде сұрақтарға жауап береді.
7	Рефлексия	Оқушыларды өз қылықтары мен жетістіктерінің рефлексиясына мобилдендіру.	Оқушылардың өз әрекетін ұғыну мен бағалаудағы ашықтығы.	<p>Мақсатқа жетудің жетістіктерін бағалайды және талдау жасайды, яғни смайликтер. Алдағы жұмыстың келешегін белгілейді.</p> <p>Қорытындылайық.</p> <p>Мен сіздерді шын жорыққа шақырамын! Кім барады менімен? Үлкен рахмет, біздің топ ең ұйымшыл және тапқыр болды!!!</p> <p>Жорықтың негізгі шарттары бұл...</p> <p>Сәтті – маршрут. Білікті – жетекші. Жақсы – ауа – райы. Көңілді, ұйымшыл – топ.</p>	Оқушылар қойылған сұрақтарға жауаптарын беріп, стикерлерді плакатқа жапсырады.



ИБРАГИМОВ Э.С.  
ПДО ГЦДЮТиЭ  
«Атамекен»,  
г.Уральск, ЗКО

## Сценарий внеклассного мероприятия на тему: «Родная улица моя»



**Цель:** Приобщение школьников к истории родного города через проектную деятельность.

**Задачи:** Формирование патриотических чувств учащихся на основе изучения истории своей малой родины;

пробуждение у учащихся интереса к краеведческой литературе через проектную деятельность;

обучение поиску и отбору информации;

развитие коммуникативных навыков детей.

Развитие познавательных способностей, творческого воображения ребят

**Оборудование:** импровизированная студия (столы и стулья для экспертов и гостей с указателями фамилий), проектор с экраном, декорация (оформленный стол «Конкурс фотографий 5-6 классы», 1-4 классы – это конкурс стенгазет «Моя родная улица» были размещены в коридоре начальных классов), микрофоны с аппаратурой, зрительный зал (стулья расставлены в количестве не менее 70 штук), клип из фильма: «Весна на Заречной улице»

### I. Организационный момент.

Проверка организации рабочих зон (импровизированная студия, проектор с экраном).





**II. Начальный этап**

**Ведущий 1:** У каждого человека есть Родина.

И она у него одна. Наша Родина носит гордое имя – Казахстан.

Стихотворение. «О Родине»

Что мы Родиной зовем?  
Дом, где мы с тобой живем,  
И березки, вдоль которых  
Вместе дружно мы идем.  
Что мы Родиной зовем?  
Поле с тонким колоском,  
Наши праздники и песни,  
Теплый вечер под окном.  
Идем навстречу зноям и метелям,  
Беду и радость поровну мы делим  
Мы все одна великая семья.  
Казахстан – это ты и я.

**Клип из фильма:** «Весна на заречной улице»

3 минуты

**Ведущий:** У каждого человека есть место, которое ему особенно дорого, где бы он не жил на этой огромной планете. Место это называется «малой Родиной». У кого-то малая Родина - большой индустриальный город, крупный промышленный центр, а у кого-то маленькая деревушка. И где бы ни жил человек потом, его все время тянет в родные места. Здесь живут его родители, друзья, здесь его корни.

**Ведущий:** - Ребята, а все ли вы знаете, как называется наша с вами малая Родина?

**Ведущий:** - ДА... Уральск!!!

- Молодцы! Это наш город Уральск. Он - часть нашей огромной страны Казахстан. А сейчас давайте послушаем, что мы знаем о Уральске. (информация 2 минут)

**Ведущий:** Уральску посвящается

Не выбираем место, где родиться  
Мы принимаем в сердце навсегда,  
Как бытия секундного частицу  
Урала и Чагана берега,  
И даль степей, и слякоть бездорожья,  
И дым кизячный по утрам в мороз...  
Не спрашивайте, что может быть дороже  
Земли родной средь бурь житейских гроз.  
И в чём различье карих глаз и серых,  
Ведь тот же трепет в слове айналайын.  
Какая разница – ты смуглый или белый –  
Один исток у нас, один любимый край.  
Не выбирали место, где родиться,  
Мы прорастаем больно и светло  
В тебе, земля, где миг пришел явиться  
На жизни труд, на жизни торжество.

**Ведущий.** Демонстрация фильма: «Уральск – лучший город на земле»

**Ведущий.** А сейчас, ребята отгадайте загадку  
В два ряда дома стоят  
Десять, двадцать, сто подряд,  
И квадратными глазами  
Друг на друга все глядят. (улица)  
- Правильно! Молодцы!

**Улица** - обычно два ряда домов и пространство между ними для передвижения. Одним из отличий улиц от дорог является наличие тротуаров. Улица может не иметь специально покрытия (пространство между зданиями представляет собой просто участок земли), а может быть покрыта каким-либо прочным материалом. В разные времена для этого использовали дерево, кирпич, камень, щебень. В современном мире самым популярным



покрытием является асфальт. Часто улица имеет один ряд домов, с другой стороны может быть парк, берег реки, пустырь. Часть улицы может быть вообще свободна от строений. Каждый город состоит из множества улиц. Проспект - это прямая, длинная и широкая улица в городе.

**Ведущий:** – Улицы, как и люди, имеют свою биографию. Они рождаются, растут, взрослеют. Родина начинается с той улицы, где ты живешь. «Наша улица» - как часто мы произносим эти простые слова. А если вдуматься в них таится так много: любовь к родному месту, воспоминания событий. Здесь вы родились и живете. А жители наших улиц не только поют, но любят и имеют танцевать. Сейчас вы в этом убедитесь.

**Ведущий:** У каждого человека есть города, куда хочется возвращаться, с которым связаны памятные счастливые моменты жизни. Но только один город, хранящий светлые воспоминания детства, останется в памяти навсегда. И совсем необязательно, чтобы он был большим, шумным или тихим, уютным, просто возвращаясь в него в очередной раз из долгой поездки, понимаешь, что оказался дома. Это твой район, твоя улица, на которой знакомо каждое дерево, здесь даже соседские псы узнают тебя и лают, приветствуя, как старого друга. Этот город любим тобой уже потому, что ты родился в нем, рос, вырос, любил, ты в нем хозяин. И смело можешь

сказать: «Это МОЙ город!»

**Ведущий:** 14 улиц, прилегающих к нашей школе. Требования к конкурсу

1-4 классы – конкурс стенгазет «Моя родная улица»

- узнать, когда на улице появились первые дома, попробовать найти эти дома, сфотографировать или нарисовать;

- выяснить, почему улица носит это название;

- год рождения улицы, почему она так названа?

**Ведущий:** 5-6 классы – конкурс фотографий

На конкурс принимаются фотографии размером формата А 4 на тему: «Исторические объекты города «в левом нижнем углу ФИО автора, класс, название, место съёмки снимка, мастерство фотографа. Критерии соответствии тематике, оформление (фотография должна быть в рамке)


**Ведущий:** А теперь начинаем конкурс презентаций 7-11 класс, время защиты - 7 минут

В ходе презентации жюри оценивает работу по следующим критериям:

Наличие карты улицы; полнота раскрытия темы; умение отбирать и анализировать материал; грамотность оформления; оригинальность работы

Подведение итогов.

Награждение, выводы.





**МЕРХАЙ А.А.**  
ОБЖТЖЭО-ның ҚББП-і,  
Орал қ. БҚО

## Жарысты бақылау. Жарыстағы медицина қызметі



### Сабақ мақсаты:

жарыс кезінде орын алу мүмкін деген жа-  
рақаттың жеңіл түрлеріне алғашқы көмек  
көрсетумен таныстырып шығу;

топтық жұмыс орындау кезіндегі ауызбір-  
шілік пен ынтымақтастыққа тәрбиелеу.

### Сабақ міндеттері:

ұсынылған бейнероликтерді көріп, артынан  
тапсырма жүзінде орындау;

тапсырма орындау кезінде бірігіп тез  
ойланып, ортақ шешімге келу.

### Қажетті құрал-жабдықтар:

алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі  
қобдишасы немесе макеті;

дәрі қобдишасының құрамына енетін дәрі-  
дәрмектер немесе атаулары;

шина;

проектор.

### Кіріспе бөлімі.

Оқушылармен амандасу

Жоқ оқушыларды белгілеп шығу

Сабақтың мақсаттары мен міндеттерімен  
таныстырып өту

Сабақ барысындағы қауіпсіздік ережелерімен  
таныстыру.

### Қауіпсіздік ережелері:

Жетекшінің рұқсатынсыз сөзді бөлуге  
және орнынан тұруға рұқсат етілмейді;

Сеніп тапсырылған сыныптың ішіндегі  
мүлікті бүлдірмей сол қалпында сақтау;

Қасындағы сыныптасыңды сыйла;

Әрқайсысын тындай біл;

Келіспесең – өзіңнің нұсқаңды айтып көр!

### Негізгі бөлімі.

Спорттық бағдарлау – қатысушылар спорттық  
карта мен компастың көмегімен жергілікті

жерде орналасқан бақылау пункттерінен тез әрі  
дұрыс өтуі тиіс спорттың түрі.

Бүгінгі тақырыбымыз жарыс кезіндегі қа-  
жетті қызметтердің бірі – медицина қызметі  
және жарыстың бақылаушысы (контролер) мен  
оның міндеттерін қарастырамыз.

Спорттық бағдарлау жарысын өткізу  
барысында төрешілер тобы (судейская бригада)  
жасақталады. Бұл топтың қатары мынадай  
төрешілерден тұрады:

- жарыстың техникалық жағы мен ұйым-  
дастыру бағытына жауапты;
- сөредегі төрешілер (старт);
- мәре сызығында төрешілер (финиш);
- кезекші (пост) төрешілер;
- эстафета бойынша ауысу кезіндегі төре-  
шілер;
- жолды төсеуші төреші және
- контролер (бақылаушы).

Бақылаушы (контролер) жарысты ұйымдас-  
тырушыға әдістемелік көмек көрсетуге, өз  
шешімдерінде ең жоғары әділеттілікке қол  
жеткізуге міндетті.

Жарыс бақылаушысының негізгі міндеттері:  
- жарыстардың дайындалу барысын бақылау,



жарыстардың бағдарламасы мен бюджетінің жарамдылығын бағалау, орналастыру, тамақтану, санитарлық гигиена, көлік қызметі мен жаттығулар өткізу үшін жағдайларды бағалау;

- барлық жоспарланған рәсімдерді бағалау;
- жарыс нәтижелерін есептеу және хронометраж жүйелерінің сенімділігі мен дәлдігін бағалау;

- ақпарат қызметінің жұмысын ұйымдастыруды және бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыс істеу шарттарын бағалау;

- допинг-бақылауды ұйымдастыруды бағалау;

- жарыс орталығының орналасуын, эстафетаның басталу және аяқталу аймақтары мен берілу аймақтарын, олардың жарыс ережелеріне, шарттары мен деңгейіне сәйкестігін бағалау.

Жарыс бақылаушысы мен ұйымдастырушысы толық және ашық ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Ұйымдастырушы (өткізуші ұйым) жарыстарды дайындау және өткізу жөніндегі бақылаушыға кез-келген ақпаратты беруге міндетті.

Барлық негізгі шешімдерді ұйымдастырушы жарыс бақылаушысының келісімі бойынша қабылдайды. Ұйымдастырушы жіберген жарыстар туралы барлық ресми ақпарат онымен келісіледі.

Жарыс бақылаушысы жарысқа қатысушылар мен төрешілер алдындағы міндеттемелермен байланысты болмауы тиіс.

Ұйымдастырушы жарысты медициналық көмекпен және зардап шеккендерді эвакуациялау үшін көлікпен қамтамасыз етуге міндетті. Ұйымдастырушы көліктің сөре және мәре орындарына берілгенін тексеруге «Жедел жәрдем» міндетті түрде болуы тиіс.

Медициналық көмектің негізгі міндеттері:

- қатысушылардың басталу және аяқталу, тамақтану және тұру орындарында санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылау;

- спорттық жарақаттардың алдын алу;

- қатысушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету, зардап шеккен қатысушыларды эвакуациялау.

Бас төреші жарыс алаңынан шығуға рұқсат бергенге дейін қажетті құрал-жабдықтары бар медициналық қызметкерлер мәре сызығында болуы керек.

Күрделі қашықтықта жарыстарды өткізу кезінде бас төрешінің шешімімен қашықтықтан медициналық пункттер қарастырылуы мүмкін.

Медициналық көмек көрсету пункттерінің орналасқан жері туралы дистанциондық қызметке, топ өкілдеріне, қатысушыларға хабарлау қажет.

### Алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 380 бұйрығына қосымша

№	Атауы	Саны
1.	Зарарсыздандырылған бинт	2 дана
2.	Зарарсыздандырылмаған бинт	2 дана
3.	Мақта	1 қаптама
4.	Зарарсыздандырылған қолғап № 7-8	6 дана
5.	Лейкопластырь	1 қаптама
6.	Жгут	1 дана
7.	Этил спирті 70%	1 құты
8.	Груша (сілекейді сору үшін)	1 дана
9.	Зарарсыздандырылған шпатель (ауыз қуысын ашуға арналған)	1 дана
10.	Амбу қабы	1 дана
11.	Тонometr	1 дана
12.	Фонендоскоп	1 дана
13.	Валидол 0,06 г	1 қаптама
14.	Нитроглицерин 0,005	1 қаптама
15.	Аммиак ертіндісі 10%	1 құты
16.	Эпинефрин	1 қаптама
17.	Иод ертіндісі 5%	1 құты

**Амбу қабы** – уақытша механикалық желдетуді орындауға арналған механикалық қол құрылғысы.





**Тонometr** – қан қысымын өлшеу үшін құрылғы.



**Фонендоскоп** - жүрек пен өкпені тыңдауға арналған аспап

**Валидол** – изовалериан қышқылының ментол эфирінің ішіндегі ментолдың 25—30%-тік ерітіндісі;

Қолданылуы:

- ауырлығы жеңіл дәрежелі стенокардия ұстамаларында;
- теңіз және әуе ауруларында;
- истерияда;
- неврзда;
- нитраттар қабылдаумен байланысты бас ауруында.

**Нитроглицерин** – жүрек ауруларын емдеуге арналған вазодилататорлар. Стенокардия ұстамаларын басу және ұстамалардың алдын алу үшін.

**Аммиак ерітіндісі:**

- тыныс алуды қоздыру және науқасты естен тану жағдайынан шығару үшін;
- жәндіктер шаққанда;
- хирургиялық практикада С.И. Спасокукоцкий және И.Г. Кочергин әдісімен қолды жуу үшін.

**Эпинефрин**, сондай-ақ **адреналин**, Бұл дәрі-

дәрмек және гормон. Дәрілік зат ретінде ол бірқатар жағдайларды емдеу үшін қолданылады, соның ішінде анафилаксия, жүректің тоқтауы, астма және беткі қан кетулер.

**Йод**

- хирургиялық тәжірибеде жергілікті қолдану
- сыдырылуды, тілікті, шағын жараларды өңдеуде қолданылады.

**Тақырыпқа сай бейнероликтер мен тапсырмалар.**

Енді назарымызды алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасы (аптечка) жөнінде бейнероликке көңіл аударамыз.

1. *Алдын-ала дәрі қобдишасына енетін дәрі-дәрмек жөнінде бейнеролик көрсетіліп немесе аталынып өтеді.*

**Тапсырма.**

Дәрі қобдишасына (аптечка) немесе макетіне спорттық жарыс кезінде медициналық көмек көрсету кезіндегі қажетті дәрі-дәрмектерді анықтап, жинақтау.

2. *Алдын-ала қатысушының жарыс барысында жарақат алған жағдайдағы медициналық қызметкерлердің іс-әрекеті жөнінде бейнеролик көрсетіледі немесе түсіндіріледі.*

**Тапсырма.** Жарыс кезінде қатысушы қолына ашық, бірақ, жеңіл жарақат алған қатысушыға медициналық қызметкер ретінде таңдалған оқушының іс-әрекеті?

3. *Алдын-ала қатысушының жарыс барысында құлаған кездегі алған сынығына медициналық қызметкерлердің көмек көрсету жөнінде бейнеролик көрсетіледі.*

**Тапсырма.** Жарыс кезінде қатысушы шалынып құлап, аяғын сындырып алды. Оқушының медициналық қобдиша мен қолда бар құралдармен жасалатын алғашқы көмегі қандай?

Қорытынды бөлімі

1) Жарыс бақылаушысы деген кім? Қалай түсіндің?

2) Жарыс бақылаушысының 1-2 міндетін атап өтіңіз?

3) Сіздің ойыңызша, дәрі қобдишасына енетін дәрі-дәрмектің негізгі үшеуін атап өтіңіз? Күнделікті өмірде бүгінгі көріп, орындалған іс-әрекеттердің қажеттілігі бола ма?

4) Бүгінгі сабақ, тапсырмалар бойынша ой-пікірлеріңіз?

## Білім беру ұйымдарының педагогтерін аттестаттаудан өткізу туралы ереже

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде  
2022 жылғы 30 желтоқсанда № 31490 болып тіркелді

### Нормативтік құжаттар

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23.11.2015 жыл, 139-бабының 7-тармағы
- «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы
- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы.
- Педагогтерді аттестаттау «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес бес жылда бір реттен сиретпей, білім беру ұйымдарының басшылары – «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес үш жылда бір рет, білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 130-тармағына сәйкес үш жылда бір рет өткізіледі.

### ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУ

Мемлекеттік органдардың бірінші басшысының бұйрығымен мынадай біліктілік санаттары үшін комиссиялар құрылады:

- «педагог» – білім беру ұйымдарында;
- «үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары», «екінші біліктілік санатты басшының орынбасары», «бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары» – ауданның білім

бөлімі органдарында;

- педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «басшы-ұйымдастырушы», «басшы-менеджер», «басшы-көшбасшы», педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» – әдіскерлер үшін – облыстық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органдарында;
- «педагог-шебер» – білім беру саласындағы уәкілетті органның жанында.

### АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Аттестаттау кезеңі педагогтер үшін:

- 1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);
- 2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;
- 3) ПББ және эссе жазу (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер бойынша оқытушыларын қоспағанда);  
әдістемелік кабинеттің (орталық) әдіскерлері үшін:
  - 1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);
  - 2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;білім беру ұйымдары басшысының орынбасарлары, әдістемелік кабинет (орталық) басшы орынбасарларының "үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары" немесе "екінші

біліктілік санатындағы басшының орынбасары" біліктілік санаты үшін:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

білім беру ұйымдары басшысының орынбасарлары, әдістемелік кабинет (орталық) басшы орынбасарлары мен әдіскерлерінің "бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары" біліктілік санаты үшін:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

3) аттестаттау комиссиясының отырысында қызмет нәтижелерін көрсете отырып сұхбат жүргізу;

білім беру ұйымы мен әдістемелік кабинет (орталық) басшылары үшін:

кезекті аттестаттау:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) аттестаттау кезеңіндегі талдамалық жинақтау қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуының динамикасы;

3) ПББ және эссе жазу;

4) аттестация Комиссиясының отырысында қызмет нәтижелерін көрсете отырып сұхбат жүргізу;

мерзімінен бұрын біліктілік санатын беру:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) осы Қағидаларға сәйкес қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық қорыту;

3) Комиссия отырысында қызмет нәтижелерін көрсете отырып сұхбат жүргізу.

Ескертпе: білім беру саласындағы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің әдістемелік кабинетінің (орталығы) басшылары / басшыларының орынбасарлары әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері ретінде аттестаттау рәсімінен өтеді.

### **ҰБТ кімдер тапсырады?**

#### **Педагогтер:**

• Кезекті (мерзімінен бұрын) біліктілік санатын алуға бара жатқандар;

• ТЖКБ және жоғары оқу орнын педагогикалық

мамандықтар бойынша бітірген тәжірибесі жоқ кандидаттар «педагог»;

• біліктілік санаты берілген лауазымдағы жұмысты тоқтатау себептеріне қарамастан қайта бастау;

• білім беру саласындағы уәкілетті органнан, басқару органдарынан, біліктілікті арттыру институтынан, ғылыми дәрежесі барлар;

• Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мамандығы бойынша оқуда (тағылымдамада) болғандар;

• білімі және біліктілік санатын растайтын құжаттары болған жағдайда жақын, алыс шетелдерден Қазақстан Республикасына келген педагогикалық қызметті жүзеге асыруы;

• білімі мен еңбек өтілін растайтын құжаттары болған жағдайда педагогикалық қызметке алғаш кіріскендер

### **БІЛІКТІЛІК ТЕСТІЛЕУІН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ ТЕСТІЛЕУДІҢ ТҮРІ: электронды**

• Ұлттық тестілеу орталығына өтінішті беретін ссыла [ngt.testcenter.kz](http://ngt.testcenter.kz) (өз бетінше беріледі)

• Ұлттық тестілеу орталығы ҰБТ өткізу кестесін қалыптастырады және рұқсаттаманы педагогтің жеке кабинетіне жібереді

• Ұлттық біліктілік тестілеуін тапсыру ҰТО белгілеген ұйым базасында өткізіледі

#### **Ұлттық біліктілік тестілеу**

• Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

«Оқыту әдістемесі» – жиырма тапсырма;

«Психология» – он тапсырма;

#### **Ұлттық біліктілік тестілеу**

• Білім беру ұйымдарының (оның ішінде әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары үшін:

«Заңнаманы және нормативтік-құқықтық актілерді білу» бағыты бойынша – алпыс тест тапсырмасы:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі – он тест тапсырмасы;

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс – он тест тапсырмасы;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – он тест тапсырмасы;

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – он тест тапсырмасы;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – он тест тапсырмасы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық

және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бар болса) – он тест тапсырмасы.

#### Біліктілік тестілеуінің уақыты:

- Ұлттық біліктілік тестілеуінің жалпы уақыты – 120 минут;

- «Қосымша білім беру» бағыттары үшін – 80 минут.

Тестілеуден өту балдарының пайызы артты:

- еңбек өтілі жоқ кандидаттар үшін - 50% дейін;

- «педагог-шебер» санатты педагогтер үшін - 90% дейін.

#### Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

"Оқыту әдістемесі" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

"Психология" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары үшін:

міндетті аттестация – 70%;

Заттар табылған және аудиторияда мінез-құлық қағидаларын бұзған педагог аудиториядан шығарылған немесе тестілеуде бөгде адам анықталған жағдайда осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша акт жасалады.

Біліктілік тестілеуін өткізу кезінде аудиториядан кезекшінің рұқсатынсыз және ілесіп жүруінсіз шығуға, бір-бірімен сөйлесуге, бір орыннан екінші орынға ауысуға, материалдармен алмасуға, аудиториядан материалдарды алып шығуға, аудиторияға заттарды (оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді, цифрлық смарт-аппаратураны) кіргізуге және пайдалануға жол берілмейді

Біліктілік тестілеуі аяқталғаннан кейін педагог нәтижелермен (дұрыс және дұрыс емес жауаптармен) танысады және келіспеген жағдайда тестілеу залынан шықпай-ақ ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы апелляциялық комиссияға негіздемелермен апелляция береді. Педагог тестілеу залынан шыққаннан кейін берілген апелляцияға өтініштер қабылданбайды

Бейнежазбаны қарау кезінде тестілеуді өткізу ережесін бұзу фактілері анықталған жағдайда акт жасалады және нәтижелері жойылады

Онлайн-қабылдау режимінде қаралған апелляция нәтижелері бойынша педагогтің жеке кабинетінде тестілеу нәтижелері көрсетіледі.

Біліктілік тестілеуін өткізу кезінде тыйым салынған зат немесе ереже бұзушылық анықталған жағдайда педагогке бес жыл (білім беру ұйымдарының басшылары – үш жыл) мерзімге аттестаттаудан өтуге рұқсат берілмейді. Педагогтің біліктілік санаты «педагог» біліктілік санатына дейін (басшы – «білім беру ұйымының басшысы» біліктілік санатына дейін) төмендетіледі



**ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУ**

• Қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) аттестаттау кезінде педагогке біліктілік санатын беру (растау) үшін оны кезекті аттестаттау кезінде өтініш берілген санат бойынша баллдар саны жеткіліксіз болса, біліктілік санаты мерзімі аяқталғанға дейін сақталады, одан әрі біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді. Бұл біліктілік санаты аттестаттаудың келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) кезеңіне дейін сақталады. Келесі аттестаттау кезеңінде педагог Біліктілік тестілеуінен өткеннен кейін бастапқыда өтініш берілген біліктілік санаты бойынша аттестаттаудан өтеді.

• Педагог тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңінде біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттау үшін өтінішті уақытылы бермеген жағдайда, біліктілік санаты «педагог» біліктілік санатына дейін төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады. Келесі аттестаттау кезеңінде педагог № 338 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына аттестаттаудан өтеді.

• «Екінші», «бірінші», «жоғары» санаттары бар педагог қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) аттестаттау кезеңінде өтініш берілген санатқа баллдар саны жеткіліксіз болған жағдайда, біліктілік санаты оның мерзімі өткенге дейін сақталады, бұдан әрі – «педагог» санатына дейін төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады. Келесі аттестаттау кезеңінде педагог № 338 бұйрықпен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына аттестаттаудан өтеді. Бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына аттестаттаудан өтеді.

• ПББ нәтижесі бір жылға жарамды деп есептелсін.

• Бейіні бойынша 30 және одан да көп жыл педагогикалық және өндірістік өтілі бар педагогтер жаңа жүйе бойынша берілген біліктілік санатын растаған кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді.

• Біліктілік санатын арттыру кезінде жалпы негізде өтеді.

• Ескі жүйе бойынша "бірінші", "жоғары" санаттары бар педагогтер "педагог-модератор" біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді.

• «Педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санатын алған кезде жалпы негіздерде өтеді.

**2-ПАРАГРАФ. ЭССЕ ЖАЗУ ТӘРТІБІ**

- Тестілеу аяқталған соң педагог эссе жазады.
- Берілетін уақыт - 60 минут.
- Қолданылатын сөз саны – 250-300 сөз.
- Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды.
- Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетінде [nqt.testcenter.kz](http://nqt.testcenter.kz) сілтемесі бойынша көрсетіледі
- Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетіне жолданады.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ:**

• Педагогтерді біліктілік бағалауды білім беру ұйымдары жүргізеді және құжаттардың осы қағидаларға 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгіленген құжаттар тізбесіне сәйкестігін қарауды қамтиды.

• Білім беру ұйымы жыл сайын 1 қыркүйекке дейін алдағы қаржы жылына арналған біліктілік санаттарын берудің (растаудың) перспективалық жоспарын жасайды және бекітеді, ол қажеттілігіне қарай түзетіледі.

• Білім беру ұйымы біліктілік санатын беру үшін педагогтердің тізімдік құрамын (электрондық тасымалдағышта) облыстық маңызы бар білім басқармасына ұсынады.

Құжаттарды қабылдау рәсімі:

- Е портал арқылы жүзеге асырылады
- Қызмет көрсету: 20 минут
- Педагогтің портфолиосын Сараптама кеңесінің қарауына (ағымдағы жылдың 5 мамырына және 5 қарашасына дейін)
- Аттестаттау комиссиясы ақпараттық жүйе бойынша сұратады
- \*Өтініш;
- \* Жеке куәліктің көшірмесі;
- \* Білімі туралы Диплом;
- \* Қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат;
- \* Еңбек кітапшасының көшірмесі;
- \* Куәлік және бұрын берілген біліктілік санаты туралы бұйрық;
- \* ҰБТ өту туралы анықтамасы;
- \* Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жетістіктерін растайтын құжаттар;
- \* Сабақты бақылау және талдау парақтарымен сабақтың бейне жазбалары (ПМПК педагогтерді қоспағанда);

\*Педагогтың жетістігі;

\* Ұйымның педагогикалық кеңесі хаттама-сынан үзінді көшірме (29-қосымша).

«Педагог» біліктілік санатына талап:

• тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен, педагогикалық қызметке алғаш рет кіріскен, Ұлттық біліктілік тестілеуінен табысты өткен, сондай-ақ мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін адамдар:

• оқу пәнінің, оқу-тәрбие процесінің, оқыту және бағалау әдістемесінің мазмұнын біледі; білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлайды және ұйымдастырады, білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады, білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асырады, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгерген, цифрлық білім беру ресурстарын қолданады;

• «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканың негізгі нормаларын сақтайды.

**Кезекті «педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын талаптар:**

• тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен адамдар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін кемінде екі жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

• «педагог» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

• оқытудың инновациялық нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады;

• кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар.

**(ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы өзгертулер енгізілген 2021 жылы 25 мамырда)**

**«Педагог-сарапшы» біліктілік санатын мер-**

**зімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер (осы тармақтың бесінші абзацында көрсетілген адамдарды қоспағанда) қатысады:**

• білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болып табылатын адамдар;

• білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

• ағылшын тілін C1 (сефр (CEFR) шкаласы бойынша) деңгейінен төмен емес деңгейде меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын адамдар;

• жоғары оқу орнынан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде екі жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар адамдар;

• білім беру ұйымдарына өндірістен (білім беру ұйымдарында кадрларды даярлау бейініне сәйкес келетін ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар), бейінді ұйымдардан педагогикалық жұмысқа ауысқан, мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар адамдар;

**«Педагог-сарапшы» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер (осы тармақтың бесінші абзацында көрсетілген адамдарды қоспағанда) қатысады:**

• бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылатын адамдар;

• бейіні бойынша ең жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері;

• аудандық/қалалық деңгейдегі «Үздік педагог» атағына ие болған адамдар;

• Уорлд скилс (WorldSkills) облыстық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

• Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Сарапшылардың электрондық базасына» сәйкес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

• облыс, ел телевидениесінде трансляциялауға енгізілген бейне-, теле сабақтар дайындаған адамдар.

**(ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы өзгертулер енгізілген 2021 жылы 25 мамырда)**

**Кезекті «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын талаптар:**

- тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін, кемінде бес жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

- «педагог-сарапшы» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

- сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгерген;

- білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді;

- оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді;

- облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

- кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;

- «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы, «Үздік педагог» атағының иегері (болған жағдайда) болып табылады;

**Кезекті «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын талаптар:**

- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), облыстың (бар болса) деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асырады және даму стратегиясын сындарлы айқындайды;

- тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары ұйымдастырған педагогтерге арналған семинарларды, конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы) «Сарапшылардың электрондық базасына» сәй-

кес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіреді (болған жағдайда);

- еліміздің, облыстың телевидениесінде трансляциялауға енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған бейне-телесабақтар дайындады (болған жағдайда);

- интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін таратады

**(ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы өзгертулер енгізілген 2021 жылы 25 мамырда)**

**«Педагог-зерттеуші» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер қатысады:**

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болып табылатын адамдар;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген, басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары (тең авторлары) болып табылатын адамдар;

- ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

- кәсіпорыннан, бейінді ұйымнан педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар адамдар;

- Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Сарапшылардың электрондық базасына» сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

- еліміздің, облыстың телевидениесінде трансляциялау үшін енгізілген бейне-, телесабақтар дайындаған адамдар;

- облыстық деңгейдегі «Үздік педагог» атағына ие болған адамдар;
- «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылатын адамдар;
- Уорлд скилс (WorldSkills) республикалық немесе халықаралық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған тұлғалар.

**(ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы өзгертулер енгізілген 2021 жылы 25 мамырда)**

**Кезекті «педагог-шебер» біліктілік санатына қойылатын талаптар:**

- тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі, келесі кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін кемінде алты жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

- «педагог-зерттеуші» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламасы бар немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің авторы (бірлескен авторы) болып табылады немесе тест тапсырмаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі сарапшылар құрамына кіреді немесе уорлд скилс (WorldSkill) (кәсіби шеберлік конкурсы) чемпионаттарының сарапшысы немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша тренер болып табылатын адамдар;

- республикалық немесе халықаралық кәсіби конкурстардың жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық немесе халықаралық деңгейлердегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жүлдегерлерін немесе жеңімпаздарын дайындаған;

- «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы, «Үздік педагог» атағының иегері (болған жағдайда) болып табылады;

- интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін таратады;

- тәлімгерлікті жүзеге асырады және облыс, республика деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлайды (болған жағдайда);

- Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Сарапшылардың электрондық базасына» сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар (болған жағдайда);

- республика деңгейінде тәжірибе жинақтайды, тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары педагогтерге арналған семинарларды, конференцияларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;

- еліміздің, облыстың телевидениесінде трансляциялауға енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған (болған жағдайда) бейне -, телесабақтар дайындаған.

**(ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы өзгертулер енгізілген 2021 жылы 25 мамырда)**

**«Педагог-шебер» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер қатысады:**

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық деңгейде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздары немесе жүлдегерлері болып табылатын тұлғалар;

- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламаларды әзірлеген адамдар;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары (тең авторлары) болып табылатын адамдар;

- еліміздің телевидениесінде трансляциялау

үшін енгізілген бейне -, телесабақ дайындауға қатысқан адамдар;

- Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының «Сарапшылардың электрондық базасына» сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

- ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

- Қазақстан Республикасының «Үздік педагог» атағына ие болған адамдар;

- «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылатын адамдар;

- Уорлд скилс (WorldSkills) халықаралық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар.

**(ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы өзгертулер енгізілген 2021 жылы 25 мамырда)**

**Біліктілік санаты педагогтердің өтініші негізінде бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге келесі жағдайларда ұзартылады:**

- «Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21263 болып тіркелген) әлеуметтік маңызы бар аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздық кезінде;

- жүктілікке және босануы бойынша демалыстан немесе бала үш жасқа толғанға дейін оны бағып-күтуге арналған демалыстан немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлер үшін демалыстан шыққаннан кейін;

- білім беру ұйымдарына білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруі басқармалары органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан ауысқан жағдайда.

Педагогтер бір жылдан кейін біліктілік талаптарына сәйкес келетін санатқа ПББ тапсырады. Педагогтердің осы санаты үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау кезеңі

тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы ПББ тапсырған сәттен бастап бір жыл өткен соң жүргізеді. Бұл ретте педагогтің осы кезеңде қолда бар біліктілік санаты сақталады.

Осы Қағидалардың 46-тармағында көрсетілген педагогтер біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады немесе ақпараттық жүйедегі педагогтің цифрлық профилине жүктейді:

1) біліктілік санаттарының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш (еркін нысан);

2) біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзартудың негізділігін растайтын құжат.

### **ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУ БІРІНШІ РЕТ**

- «Педагог-шебер» біліктілік санатын ҚР БҒМ ведомстволық бағынысты ұйымы жүргізеді. Портфолионы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жанынан ұйымдастырылған Сараптама кеңесі қарастырады. Сонымен қатар, Ы. Алтынсариннің жанында ұйымдастырылған РОӘК-те мақұлданған авторлық бағдарламасы немесе оқулықтың, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдардың тізбесіне енгізілген авторлар болуы керек.

- Педагог кезекті аттестаттау үшін өтінішті уақытылы бермеген жағдайда, біліктілік санаты «педагог» біліктілік санатына дейін төмендетіледі. Талап бойынша педагог 5 жылдан кешіктірмей аттестаттаудан өтуі міндеттелген.

- Мерзімінен бұрын аттестатталатын педагогтердің жетістіктері соңғы екі жылдығы есептеледі:

- \* «педагог-модератор» үшін екі талапқа сәйкес болған жағдайда;

- \* «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» үшін – кемінде алты талапқа сәйкес келген жағдайда.

- Зейнеткерлік жастағы педагогтер аттестаттау рәсімінен жалпы негізде өтеді

Жасы бойынша зейнетақыға дейін төрт жылдан аспайтын педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Қолда бар біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады. Біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы бұйрықты білім беру ұйымының басшысы шығарады. Бұйрықтың күші зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады. Зейнеткерлік жасы "Қазақстан Республикасында зейнеткерлік қамсыздандыру

туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер аттестаттау рәсімінен жалпы негіздерде өтеді.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер-

ге сәйкес тиісті деңгейдегі комиссияның шешімі негізінде педагогтер (басшылар, басшының орынбасарлары, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлеріне өтініш берген біліктілік санаттарын беру (растау) бойынша 1 қыркүйектен немесе 1 қаңтардан бастап қосымша төлем жасалады

**БІЛІКТІЛІК САНАТЫН БЕРУГЕ (РАСТАУҒА) ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГІНІҢ ПОРТФОЛИОСЫН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ**

Біліктілік санаты				
Бағалау өлшемшарттары	педагог - модератор	педагог - сарапшы	педагог - зерттеуші	педагог - шебер
Соңғы үш жылда білім алушылардың, тәрбиеленушілердің (әзірленген диагностикалық құралдарға сәйкес) таңдаған білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейі	Білім алушылардың бағдарламаны игеруі			
	кемінде 40%	кемінде 50%	кемінде 60%	кемінде 70%
Уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес конкурстарда немесе олимпиадаларда немесе жарыстарда білім алушылардың жетістіктері	Жеңімпаз немесе жүлдегер немесе қатысушы			
	Аудан/қала деңгейі	Облыстың/ республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Облыстың/ республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Республикалық немесе халықаралық деңгей
Уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес кәсіби конкурстарда немесе олимпиадаларда педагогтің жетістіктері	Жеңімпаз немесе жүлдегер немесе қатысушы			
	Аудан/қала деңгейі	Облыстың/ республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Облыстың/ республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Республикалық немесе халықаралық деңгей
Педагогикалық тәжірибені жалпылау, немесе үздік педагогикалық тәжірибелер мен әзірлемелерді енгізу немесе білім беру ұйымдарында іске асырылған әзірленген бағдарламаларды ұсыну	семинарларда, конференцияларда, форумдарда сөз сөйлеу			
	-	-	облыс/қала деңгейінде (сілтемелер) немесе әдістемелік материалдарды әзірлеу (тиісті деңгейдегі оқу-әдістемелік кеңестің шешімі (білім басқармасы жанынан) ұсынылады	республика деңгейінде (халықаралық) (сілтемелер) немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мақұлдауы Жүктеу

Осы Қағидаларға 31 қосымшаға сәйкес педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді көшірменің болуы

**БІЛІКТІЛІК САНАТЫН БЕРУГЕ (РАСТАУҒА) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ  
ӘДІСКЕРЛЕРІНІҢ ПОРТФОЛИОСЫН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ**

Біліктілік санаты				
Бағалау өлшемшарттары	педагог - модератор	педагог - сарапшы	педагог - зерттеуші	педагог - шебер
Тиісті деңгейдегі оқу-әдістемелік кеңес мақұлдаған әзірленген бағдарламалардың немесе әдістемелік құралдардың немесе ұсынымдардың немесе оқу-әдістемелік кешендердің авторы/тең авторы		1-ден кем емес (облыстық деңгей)	2-ден кем емес (облыстық деңгей)	2-ден кем емес (республикалық немесе халықаралық деңгей)
Ғылыми-практикалық конференцияларда немесе семинарларда немесе форумдарда жарияланымдар, баяндамалар	кемінде 2	кемінде 3	4-тен кем емес, оның ішінде 2-республикалық деңгейден кем емес	Кемінде 5, оның ішінде кемінде 3-республикалық, халықаралық деңгейде
Соңғы үш жылдағы мұғалімдердің сабақтарын бақылау	Сабақтарды бақылау парақтары			
	кемінде 5	кемінде 10	кемінде 15	кемінде 20
Жобаларға, зерттеу немесе инновациялық немесе эксперименттік қызметке қатысу (эксперименттік/инновациялық алаңның қызметін ұйымдастыру және үйлестіру, зерттеулер жүргізу, жобаларға рецензиялау (әдістемелік, дипломдық және т. б.)	Білім беру ұйымының басшысы қол қойған аралық/қорытынды нәтижелерді ұсынумен қатысу туралы анықтама; рецензиялардың көшірмелері			
Жұмыс топтарына немесе сараптамалық кеңестерге немесе конкурстық комиссияларға/қазылар алқасына қатысу	Аудан/қала деңгейі	Облыстың/ республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Облыстың/ республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Республикалық деңгей Жүктеу

**САБАҚТАРДЫ БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ**

Педагогтің ТАӘ (бар болғанда) _____ _____	Бақылаушының ТАӘ (бар болғанда) _____ _____	
Мектеп/сынып _____ _____	Мерзім _____ _____	Сабақ жоспары ұсынылды Иә Жоқ
Сабақ түрі: жаңа материалмен танысу сабағы оқығанды бекіту сабағы білім мен дағдыларды қолдану сабағы білімді жалпылау және жүйелеу сабағы білім мен дағдыларды тексеру және түзету сабағы аралас сабақ зерттеу сабағы (Lesson Study (Лессон стади) циклдарынан)	Комментарийлер:	
МЖМБС оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		
Сабақтың мақсаттары:		
Бақылау өлшемшарттары	Көрсеткіштер Иә /Жоқ	Бақылаушының пікірлері
Сабақтың мақсаттары: Оқытудың нақты мақсаттарын айқындайды және білім алушыларға / тәрбиеленушілерге оларды бағалау өлшемдерін ұсынады		
Сабақтың мазмұны оқу мақсаттарына сәйкес келеді		
Педагог білім алушыларды сабақ мақсаттарын және күтілетін нәтижелерді қоюға тартады		
Күтілетін нәтижелер:		
Оқу мақсаттарына сәйкес келеді		
Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескереді		
Зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған		
Бағалау:		
Формативті бағалау арқылы білім алушылардың/тәрбиеленушілердің оқу мақсаттарына қатысты қызметінің нәтижесін бақылайды		
Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жетістіктерін атап өтеді		
Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді бағалау процесіне тартады: өзін-өзі бағалау және өзара бағалау		
Сыныптағы тәртіп пен тәртіп ережелері:		
Сыныпта/топта тәртіп пен тәртіп ережелерін белгілейді		
Білім алушыларға/тәрбиеленушілерге сыныпта/топта оқу кеңістігін қамтамасыз етеді		



Сабақта білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің тиімді өзара іс-қимылын күру		
Алдын ала білім:		
Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жаңа материал туралы бұрыннан бар білімдерін анықтайды		
Оқушылармен/ тәрбиеленушілермен өткен материалды қайталайды		
Жаңа материалды зерттеу:		
Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің назарын оқу материалының маңызды сегменттеріне аудара отырып, маңызды ақпаратты айқындайды		
Жаңа материалды игеруге ықпал ететін сабақта / сабақта жұмыстың әртүрлі формаларын қолданады: топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке		
Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді оқу ресурстарымен және кешенді тапсырмаларды орындау жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз етеді		
Материалдың мазмұны бойынша рефлексия жүргізеді		
Жаңа білімді практикада қолдану:		
Тәжірибе арқылы дағдыларды дамытады		
Білім алушыларға/тәрбиеленушілерге олардың дағдыларын дамыту және практикалық қолдану үшін белсенді тапсырмалар береді		
Білім алушыларды / тәрбиеленушілерді оқу қызметіне тарту:		
Оқушылардың/тәрбиеленушілердің оқу іс- әрекетіне қызығушылығы мен қатысуын қолдау үшін жұмыстың әртүрлі түрлері мен формаларын қолданады		
Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қатысу дәрежесін қадағалайды		
Білім алушылардың / тәрбиеленушілердің сауалнама процесіне қатысуын қолдау үшін сауалнаманың әртүрлі түрлерін пайдаланады		
Оқушылардың/тәрбиеленушілердің қатысуын қамтамасыз ету үшін дене белсенділігі мен сынып/топ кеңістігін пайдаланады		
Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді тарту үшін сабақ барысының жігерлі қарқынын қолдайды		
Тұлғаға бағытталған тәсілді қолданады		
Сараланған тәсіл:		

Оқу мақсаттарына қол жеткізу бойынша барлық білім алушыларға/тәрбиеленушілерге қолдау көрсетеді		
Үлгерімі төмен білім алушыларды / тәрбиеленушілерді тартады		
АКТ және ресурстарды пайдалану:		
білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін дайын цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады		
өзінің цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады		
білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің бірлескен жұмысы үшін желілік ресурстарды жұмылдырады		
Қосымша бақылау элементтері:		
Кері байланыс және ұсынымдар:		

Ескерту: ақпараттық жүйеде барлық құжаттар педагог бейінінде қаралады.

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІ, АРНАЙЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ, ИНТЕРНАТТЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ, ЖАТАҚХАНАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕШІЛЕРІ ҮШІН**

Санаттар	Блок	Пәндер бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Оқыту әдістемесі	20	50%	10
	Психология	10	50%	5
Педагог-модератор	Оқыту әдістемесі	20	60%	12
	Психология	10	60%	6
Педагог-сарапшы	Оқыту әдістемесі	20	70%	14
	Психология	10	70%	7
Педагог-зерттеуші	Оқыту әдістемесі	20	80%	16
	Психология	10	80%	8
Педагог-шебер	Оқыту әдістемесі	20	90%	18
	Психология	10	90%	9

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ ҮШІН**

Санаттар	Блок	Пәндер бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Кезекті біліктілік санатын беру	Заңнаманы және нормативтік-құқықтық актілерді білу	90	70%	63 Жүктеу



## Құрметті Сатислаа Кубайұлы!



*Сізді мерейлі 60 жасыңызбен құттықтаймыз. Өміріңіз қашан да көктемдей жарқын әрі шуақты, жаздай жылы әрі жайма шуақ бола берсін!*

*Сіздің өміріңіз үлкен өзен іспетті. Қайығыңыз қиындықтардан жеңіл өтіп, қайнаған қызмет иірімінде басқаруын жоғалтпай, бақыт сарқырамасына жеттіңіз. Сіз балалар туризміне жап-жас күніңізде келіп, осы салада 36 жылдан бері табан аудармай қызмет етудесіз. Туристік-өлкетану қызметі арқылы қыста шаңғы, жазда жаяу, су, вело жорықтарға көптеген ұл-қыздарды жетелей жүріп, тәрбиеледіңіз. Дәрежелі жорықтардың тәжірибелі маманы атандыңыз. Кешегі батыл мақсаттарыңыз бүгінгі күні шындыққа айналды!*

*Әріптестер алдында беделді, ата-аналар алдында сыйлы, оқушылар алдында құрметті Адамсыз! Сіздің бойыңызда адамгершілік қасиетпен қатар қарапайымдылық пен мейірімділік ерекше үйлесімділікпен үндеседі.*

*Ізгіліктің нұрын сеуіп маңайға,  
Адамсыз зой үлгі болар талайға!  
Жақсылықты өзіңізден көп көрген  
Ұмытпайды «үйірмешілер» алайда!*

*Ешқашанда ұмтылмадың оңайға,  
Аспай-саспай, тәрбиелеп қалайда!  
Ата-анадан айырылған көп балаға  
Әке орнына «Батя» болу оңай ма?!*

*Оқып алып «ағылшынды» алайда,  
Айналдыңыз «туризмдік» ағайға!  
Айтқызбай-ақ көздерінен ұғатын  
Барма екен Сіздей ұстаз маңайда?!*

*Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа, шат күлкі мен махаббатқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын! Әр сәт сізге тек бақыт пен қуаныш сыйласын!*

*Игі тілекпен,  
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм  
және экология орталығының ұжымы*



# «Евразия» туристік-сауықтыру кешені балаларды бақыт пен шаттық ордасына шақырады !!!

«Евразия» туристік-сауықтыру кешенінің басты қағидасы -  
«Балаларға қуаныш пен бақыт сыйлау-басты міндет!»

Бұл жерде балаларыңыздың 10 күндік демалыс уақытын сапалы, әрі қызықты өткізуге барлық жағдай жасалған. Демалыс кезінде қызықты ойын-сауық бағдарламалары, танымдық экскурсиялар, сайыстар, викториналар, ойындар, жаяу жорық пен атаулы кешкі шаралар күнделікті ұйымдастырылады. Лагерьде 5 мезгіл дәмді әрі тойымды тамақтандыратын асхана, жылы және жарық бөлмелері бар 5 тұрғын ғимарат, кітапхана, медициналық бөлме, таза ауада шынығатын, ойнайтын жер, футбол мен волейбол алаңдары, жабдықталған су жағажайы да бар.

## Бағдарламада:

- спорттық және туристік сайыстар;
- экскурсиялар;
- жасанды жартасқа өрмелеу;
- екі күндік жаяу жорық;
- туризм әліпшесі;
- викториналар (танымдық, интеллектуалдық);
- күнделікті атаулы іс-шаралар мен кешкі дискотека және т.б

Біз балаларыңыздың денсаулығын жақсартып, сауықтыруға, спорттық және туристік дағдыларын нығайтуға, түрлі шаралар арқылы табиғи қабілеттерін ашуға, шығармашылығын дамытуға, мейірімділікке, отансүйгіштікке, достық қарым-қатынасты қалыптастыруға, салауатты өмір салтын ұстануға және қоғамдағы қауіпсіздік ережелерін меңгертуге дайынбыз!!!

№	Ауысым атауы	Өтетін мерзімі
1	«Жас турист»	5 - 14 маусым
2	«Жас өлкетанушы»	17 - 26 маусым
3	«Жас эколог»	29 маусым - 8 шілде
4	«Жас патриот»	11 - 20 шілде
5	«Жас спортшы»	23 шілде - 1 тамыз
6	«Жас бағдарлаушы»	4 тамыз - 13 тамыз
7	«Жас турист»	16 - 25 тамыз

Мекен – жайымыз: БҚО, Орал қаласы, «Евразия» ТСК, Лагерь көшесі 6,  
Кардиоорталық аялдамасы, Автобус: №49 Анықтама үшін телф: 8 (7112) 52-59-42

